



ОЗЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ЕНГІЗУ ӨЗЕКТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әлемге белгілі кәсіпкер және жасанды интеллект саласындағы сарапшы Ли Кай-Фуды қабылдады.

Мемлекет басшысы Sinovation Venture жасанды интеллект институтының президенті, доктор Ли Кай-Фумен кездесуде озық технологияларды енгізудің стратегиялық маңызын атап өтті. Сондай-ақ әлемдегі жетекші сарапшылармен тәжі-

рибелмасу цифрлық трансформациядағы өршіл мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететінін айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ли Кай-Фу жасанды интеллектті білім, денсаулық сақтау, энергетика және қоғамдағы басқа да түрлі салаларда пайдалану бойынша пікір алмасты.

Қытай мен АҚШ елдерінде жасанды интеллект саласын дамытуда және бағдарламалық өнімдер әзірлеуде бай тәжірибесі бар Ли Кай-Фу Қазақстанның IT бастамаларды енгізу, бәсекеге қабілетті технологиялық экожүйе құру ісіндегі әлеуетін жоғары бағалады.



ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ ҚАТЫНАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Қырғызстанның Сыртқы істер министрі Жээнбек Кулубаевты қабылдады.

Президент Қырғызстан Сыртқы істер ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, берік достық пен тату көршілік байланыстарға арқа сүйеген қазақ-қырғыз қарым-қатынасы стратегиялық серіктестік және одақтастық сипатында қарқынды әрі дәйекті дамып келе жатқанын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды толыққанды іске асырудың маңыздылығына назар аударды. Оның пікірінше, бұл келісімдер стратегиялық сипатқа ие әрі мемлекетаралық ықпалдастықты айтарлықтай нығайтады.

Жээнбек Кулубаев Мемлекет басшысына екі елдің сыртқы істер ведомствосы басшыларының арасында өткен келіссөздердің нәтижесі мен екіжақты ынтымақтастықты тереңдету бойынша бірлесе атқаратын жұмыстың негізгі бағыттары жөнінде мәлімет берді.

Кездесу барысында сауда-экономикалық ықпалдастықты арттыруға, көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға, өзара инвестициялар және мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі жандандыруға айрықша мән берілді. Сондай-ақ халықаралық және өңірлік күн тәртібіндегі өзекті мәселелер талқыланды.

КӨҢІЛ АЙТУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аса көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Мұхтар Мағауиннің дүниеден өтуіне байланысты оның отбасы мен жақын-жуықтарына көңіл айтты.

— Мұхтар Мұқанұлы ғибратты ғұмырын киелі сөз өнеріне арнаған, ұлттық әдебиетіміз бен тарихымыздың көкжиегін кеңейтуге елеулі үлес қосқан заңғар тұлға еді. Төл руханиятымыздың төрге озуына, ұлт тарихнамасының тасқа басылуына өзінің алға қойған асыл мұратымен, қайтпас қажыр-қайратымен қалтқысыз еңбек сіңірді. Халық жазушысының қуатты қала-

мынан туған шығармалары, тарихи еңбектері, естелік-эсселері қалың оқырманның жүрегінен өз орнын тапты. Соңына бай әдеби мұра қалдырып, өнегелі өмір сүрген Мұхтар Мұқанұлының қайталанбас есімі халқымыздың жадында сақталады. Марқұмның иманы саламат, жаны жәннатта болсын, — делінген жеделхатта.



МҰНАР ДА МҰНАР, МҰНАР КҮН...

Ұлт мұратын ту қылып ұялмастай күн кешкен, мұратының жолында мұнар-мұнар мұң кешкен, асқақ рухымен аспанмен тілдескен, тіл мен діл үшін түнде көзін ілместен, күндіз күлместен тірлік еткен — Мұхтар Мағауин! Қазаққа дау төнсе қалқан-қабырғасы, жау төнсе адырнасы болған, алапат қалам қуатымен шуақты шығармалар тудырған, дәуірдің дәмкәс жүрегі дәру сөзімен жудырған қаламгері, «Аласапыран» заманнан бергі алтын қорымызды болашаққа жеткізуші алаугері, жауынгер-жазушы Мұхтар Мағауинге уақыт жетіпті. Иә, жазушы, әдебиет тарихын зерттеуші ғалым, тарихи романдардың авторы Мұхтар Мағауин бұл жарық дүниеден артына өшпес із, өлмес сөз қалдырып өтіп барады.

→ 8-9

ДЕМОГРАФИЯНЫ КӨТЕРЕТІН – ЖАСТАР

Ұлттық статистика бюросы Қазақстан халқы 2024 жылғы 1 желтоқсандағы дерек бойынша 20 265 320 адам болды деген ақпарат таратты.



→ 6

КИМШЕК КИГЕН ҚАНДАЙ-ДЫ!

Жақында Ұлттық музейде Қолөнершілер одағының мүшесі, этнодизайнер Тілек Сұлтанның «Киелі кимешек» көрмесі өтті.



→ 12

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

ТЕМІРЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУ ТУРАСЫ

Президент «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Нұрлан Сауранбаевты қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа ұлттық компанияның былтыр атқарған жұмысы туралы есеп берілді.

«КТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасының айтуынша, негізгі өндірістік көрсеткіштерде өсімнің оң қарқыны сақталып отыр. Эксплуатациялық жүк айналымы 272 миллиард тонна-шақырымды құрады. Қазақстан-Қытай түйіспелері арқылы 32 миллион тонна жүк тасымалданды. Бұл – рекордтық әрі 2023 жылмен салыстырғанда 13,1 пайызға артық көрсеткіш. Контейнерлік транзит 8,8 пайызға өсті. Тасымалданған контейнерлер саны 1,4 миллион жиырма пұттық эквивалентті құрады.

Президентке ірі инфрақұрылымдық жобалардың іске



асырылу барысы және транзит әлеуетін дамыту жөнінде берген тапсырмаларының орындалуы жайында баяндалды. Нұрлан Сауранбаевтың айтуынша, 2 800 шақырымнан астам теміржолға жөндеу жұмыстары жүргізілген. Достық – Мойынты, Дарбаза – Мақтаарал бағыттарында және Алматы торабының айналма

жолында 1 000 шақырымнан астам жаңа желі салынып жатыр. Достық – Мойынты учаскесі және Жетіген – Қазыбек-бек айналма желісінің екінші жолдарын салу жұмыстары кестедегі мерзімінен бұрын, яғни биыл аяқталады.

Мемлекет басшысына қазақстандық дәліздерге жүк ағын-

дарын тарту үшін терминал желісінің кеңейіп жатқаны туралы мәлімет берілді. Сиань қаласының құрғақ портында Қазақстан-Қытай терминалы іске қосылды. Бұл Транскаспий бағыты арқылы Қытайдан келетін тасымалдың ұлғаюына ықпал етті. Алматы қаласында, Әзербайжанның Алят теңіз портында,

Мажарстан астанасы Будапешт қаласында, Мәскеу маңындағы Селятино кентінде Шығыс – Батыс бағыты бойынша терминалдардың құрылысы басталды. Қытайлық серіктес Ляньюньган портымен бірлесіп, Ақтау портында контейнерлік хаб салу жұмыстары қолға алынды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы қолдау білдірген бірқатар жаңа жоба таныстырылды.

«КТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Президентке компания инфрақұрылымды, терминал желісін дамытуға және цифрлық шешімдерді енгізуге баса назар аударатынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы бағыттардағы жұмысты жандандырудың маңызын атап өтті. Мемлекет басшысының айтуынша, алға қойған міндеттерді жоспарлы іске асыру Қазақстанның Еуразиядағы транзиттік хаб ретіндегі әлеуетін нығайтуда айтарлықтай нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

БАНК САЯСАТЫ САЛАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМДІ РАТИФИКАЦИЯЛАДЫ



Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен палата отырысы өтті. Онда сенаторлар бірқатар заңды қарады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Палатаның жаңа жылдағы алғашқы отырысын ашқан Мәулен Әшімбаев алдымен Мемлекет басшысының Ана тілі газетіне жарияланған бағдарламалық сұхбатында айтылған басым бағыттардың маңызына назар аударды.

«Таяуда Ана тілі газетінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың көлемді сұхбаты жарияланды. Өңірлерде азаматтармен кездескен кезде өздерінің де сол сұхбаттың негізгі ойларын халықпен бірге талқыладыңыздар. Мемлекет басшысы сұхбатта 2024 жылы әр сала бойынша атқарылған жұмысты қорытындылап, алдағы басым бағыттарды белгілеп берді. Сондай-ақ былтыр Парламент қабылдаған заңдардың маңыздылығы да ерекше атап өтілді. Азаматтарды алаңдатқан мәселелерге қатысты осындай ашықтық пен диалог «Заң мен тәртіп» қағидатына табан тіреген Әділетті Қазақстанның жарқын көрінісі екені сөзсіз. Президентіміздің бастама-сымен қолға алынған реформаларды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету біз үшін негізгі басымдық болып қала береді. Биыл депутаттар елімізді одан әрі дамытуға ар-

налған бірқатар маңызды заңдарды қарайды. Сол нормаларды сапалы пысықтап, уақытылы қабылдауымыз қажет», – деп, Сенат Төрағасы әріптестерін Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыру жолында күш біріктіруге шақырды.

Отырыс барысында депутаттар халықаралық ынтымақтастықты нығайтуға және еліміздің құқықтық инфрақұрылымын жақсартуға арналған үш заңды қарады.

Сенаторлар атап өткендей, бүгін мақұлданған «Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі құру туралы келісімнің 1-бабына банк операцияларын географиялық қамтуды Сахарадан оңтүстікке қарай орналасқан Африка елдері мен Иракқа шектеулі түрде және біртіндеп қолдануды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін түзетулерді ратификациялау туралы» заң банк операцияларының географиялық ауқымын кеңейтуді көздейді. Қазақстан үшін Африканы банк операциялары аймағына қосу миллиардтаған халқы бар елдердің жобаларымен байланыс орнатуда және инвестицияларды жүзеге асыруда жаңа мүмкіндіктерге жол ашады.

Банк қызметін бұлай кеңейту оның қазіргі операциялық елдерін қолдау қабілетін төмендетпейді, банктің AAA деңгейіндегі кредиттік рейтингіне қауіп төндірмейді және капиталға қосымша жарналарды талап етпейді деп күтіліп отыр.

Отырыс кезінде қаралып, мақұлданған «Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі құру туралы келісімнің 12-бабының 1-тармағына жай операцияларға жарғылық капиталды шектеудің күшін жою мақсатындағы түзетулерді ратификациялау туралы» заң ЕҚДБ Директорлар кеңесіне банк капиталының жеткіліктілігі нормативтері туралы жедел шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл кредиттік қызметтің икемділігін арттырады және Қазақстанның негізгі жобаларын тиімді қаржыландыруды қамтамасыз етеді.

Сенаторлар қарап, мақұлдаған келесі «Мемлекеттік (муниципалдық) сатып алу-ды жүзеге асыру кезінде банк кепілдіктерін өзара тану туралы келісімді ратификациялау туралы» заң ЕАЭО-ның өзге елдерінде банктік кепілдіктерді пайдалану үшін құқықтық негіз қалыптастырады. Бұл қазақстандық жеткізушілердің ЕАЭО елдеріндегі мемлекеттік сатып алуларға қатысуын жеңілдетуге мүмкіндік береді.

«Қаралған келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында банк кепілдіктерін өзара тану үшін құқықтық негіз қалыптастыруды көздейді. Заңның мақұлдануы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік сатып алуларына қатысу үшін бизнеске тең мүмкіндік жасауға, сондай-ақ тараптар арасындағы экономикалық белсенділікті арттыруға мүмкіндік береді деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар палата отырысында сенаторлар өзекті мәселелерге назар аударып, депутаттық сауалдарын жолдады.

Нұртөре Жүсіп азаматтық авиация саласындағы өзекті проблемаларға тоқталып, аталған саладағы кадр даярлаудың сапасын жақсартуға қатысты бірқатар ұсыныс жасады. Нақты айтқанда, EASA стандарттары бойынша азаматтық авиация академиясын сертификаттау және уақыт талаптарына сай, білікті мамандар даярлау үшін ұшқышсыз авиация орталығын құру мәселелері туралы сөз болды.



ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Президент жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Ғылыми кеңесінің кеңейтілген отырысына қатысты.

Жиында институттың 2025 жылға жоспарланған талдау жұмысының негізгі бағыттары мен маңызды іс-шаралары талқыланды. Атап айтқанда, ҚСЗИ ел дамуының ішкі саяси үдерістері мен экономикалық үрдістерін зерттеуге, сондай-ақ сыртқы саяси ахуалды бағамдауға баса мән береді. Бұған қоса, Институт деректер базасын құру және аймақтардағы өкілдіктер желісін кеңейту жұмыстарына айрықша назар аударды.

Мемлекеттік кеңесші Президент Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында берген сұхбатында мемлекеттік саясаттың негізгі бағыт-бағдарын айқындап бергенін атап өтті.

Ерлан Қариннің айтуынша, жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік саясатты сараптамалық-талдамалық тұрғыдан сүйемелдеу ісінде ҚСЗИ айрықша рөл атқарады. Сондай-ақ құрылымның аймақтарды дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлеу, экономикалық реформаларды одан әрі ілгерілету, геосаясаттың жаһандық үрдістерін талдау және басқа да өзекті әрі сұранысқа ие бағыттар бойынша маңызы зор. Институт сарапшылары мемлекеттік ішкі және сыртқы саясаттың негізгі мақсат-міндеттерін сарапшылар қауымдастығына ғана емес, барша жұртшылыққа түсіндіруге де ерекше атсалысып жүр.

БАҒДАР

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

ТАУАРДЫҢ ЖАҢА ТІЗІЛІМІН ТҮЗУ ҚАЖЕТ

Парламент Мәжілісінің вице-спикері Альберт Рау, депутаттар Екатерина Смышляева, Берік Бейсенғалиев және Еркін Әбіл «МИЛХ» өндірістік кәсіпорны базасында Қостанай облысының бизнес өкілдерімен кездесті. Отырыста қазір Мәжілісте қаралып жатқан тауардың шыққан елін анықтау мәселелері бойынша заңнамалық түзетулер талқыланды.



Заң жобасының мақсаты – өнім сапасына бақылауды күшейту және отандық тауар өндірушілерді мемлекет тарапынан тиімдірек қолдау үшін Қазақстанда шығарылған тауарлардың бірыңғай тізілімін құру. Тізілім «СТ-KZ» үлгідегі қолданыстағы сертификаттарды және өнеркәсіптік сертификаттарды алмастыратын болады.

Кездесуде талқыланған негізгі мәселенің бірі сертификаттау рәсімдерін жеңілдету болды. Бизнес өкілдері жана талаптар аясында өнімнің шығу тегін растау процесінің күрделене түсуі мүмкін деген алаңдаушылықтарын білдірді. Альберт Раудың айтуынша, заң жобасының басты мақсаты – бюрократиялық кедергілерді азайту және бизнесті тиімді қолдайтын сертификаттау жүйесін құру. Жаңа тізілімге тауарларды қосу процесі барлық отандық өндірушілер үшін ашық және көлжетімді болады деп күтілуде.

– Президент «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында атап өткендей, бизнесті қолдау жөніндегі жұмыс мемлекеттің тұрақты басымдығы болып саналады. Осыған байланысты біздің міндетіміз – аттестациялау процесінде қарапайымдылық пен тиімділікті қамтамасыз ететін, артық әкімшілік ауыртпалықтарды болдырмайтын жүйе құру. Заң жобасы кәсіпкерлерді қолдауға және мемлекеттік органдармен өзара іс-әрекетті жеңілдетуге бағытталған, – деді А.Рау.

Екатерина Смышляеваның айтуынша, өнімнің шығу тегін нақты растайтын ашық жүйені құру отандық тауарлардың ішкі нарықтағы позицияларын нығайтуға ықпал етеді.

Альберт Рау жиында айтылған барлық ұсыныс заң жобасын пысықтау кезінде ескерілетінін алға тартты.

ТҮРКІСТАНДАҒЫ КӘСІПОРЫНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары Қайрат Балабиев, Ұласбек Сәдібеков, Темір Қырықбаев пен Нұрсұлтан Байтілесов Түркістан облысында болып, Сарыағаш ауданындағы кәсіпкерлік нысандарды аралады. Сондай-ақ аудан жұртшылығымен кездесті.

Мәжіліс депутаттары ең әуелі өңірдегі Agrotur шаруа қожалығы жылыжайының тыныс-тіршілігімен танысты. Мұнда 4 гектар жерде қияр мен қызанақтан бастап көптеген бақша өнімі өсіріледі. Олардың қатарында зәйтүн мен розмарин, киви мен құлпынай, анар мен құрма сияқты сирек кездесетін жемістер бар. Сондай-ақ бір гектар жерде қияр мен қызанақ көшеті, ал екі гектар бақта алмұрт, шие мен өрік



егіледі. Сонымен бірге қожалық голландиялық гүлдерді өсіріп, сатылымға шығарады. Қазір тропикалық жемістерді өсіру жолға қойылған.

Депутаттар жылыжай қызметкерлерімен әңгімелесіп, ауыл шаруашылығы саласын дамытуға бағытталған заңдар туралы айтып берді. Кәсіпкерлер тұқымбақ шаруашылықтарын субсидиялау, жылыжайларды көмірмен қамтамасыз етуге туындайтын пробле-

маларға қатысты ойларын ортаға салып, ұсыныстарын жеткізді.

– Біз бұл жылыжай кешеніне арнайы келіп отырмыз. Өйткені Парламентте жылыжай шаруашылықтарын мемлекеттік субсидиялау туралы мәселе көтерген едік. Ол оң шешімін тауып, жылыжайларға субсидия беріле бастады. Жылыжай – ауыл шаруашылығы саласының маңызды бағыттарының бірі. Сондықтан айтылған ұсыныстарыңыздың бәрі тиісті министрліктерге жеткізіліп, зерделенетін болады. Қажет болса, заңнамаға өзгеріс енгізу мәселесін де қарастырамыз, – деді Қайрат Балабиев.

Одан әрі депутаттар Сарыағаш қаласындағы «Бөйтерек-Шымкент» тамақ өнеркәсібі мекемесінде болды. Кәсіпорын сапалы кондитерлік тағамдармен ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, көршілес елдерге де экспортқа шығарады. Депутаттар сұранысы жоғары өнім түрлерін көбейту, ішкі өндіріс әлеуетін арттыру сияқты бірқатар сұрақ бойынша пікір алмасты.

КІРПІШ-КЕРАМЗИТ ЗАУЫТЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ



Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары Руслан Қожасбаев пен Болат Керімбек Жетісу облысына жұмыс сапары барысында Көксу ауданындағы «Строитель» кірпіш-керамзит зауытының жұмысымен тынысып, еңбек ұжымымен кездесті. Сапардың негізгі мақсаты – өндіріс процесімен танысып, жұмысшылардың жағдайын білу.

Кездесу барысында серіктестіктің бас директоры Александр Бузыкин зауыттың автономды

режимде жұмыс істеп, жылына 44 млн дана кірпіш шығаратынын айтты. Сонымен қатар керамзит-

ті кірпіштер бағасының нарықтағы бағамен сәйкестігін және бәсекеге қабілеттілігін атап өтті. Ендігі кезекте өндірісті сұранысқа қарай ұлғайту жоспарланып отыр.

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай, қазір өңірде өнеркәсіп әлеуетін толық пайдалану үшін жан-жақты шаралар қабылданауда. Депутаттар отандық кәсіпорындарды қолдау, өндірісті дамыту бойынша атқарылып жатқан іргелі істер мен қабылданып жатқан заңдар туралы айтып берді.

– Зауыт – құрылыс материалдарын өндіруге арналған технологиялық жабдықтардың жетекші өндірушісі. Германияның инновациялық технологиясы мен жабдықтары негізінде салынған. Мұндағы технологиялар мыңнан астам өнім атауын шығаруға және өндірісті нарық қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Кәсіпорын өз өнімдерімен Жетісу өңірін ғана емес, Қазақстан нарығын да қамтамасыз етіп отыр, – деді Болат Керімбек.

Кірпіш зауыты өңірдегі құрылыс саласын қолдап, сапалы өніммен ғана емес, жергілікті тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтуда. Мұнда 100-ден астам адам қызмет

етеді. Мәжіліс депутаттары жұмысшылардың еңбек жағдайларына назар аударды.

– Сіздер мемлекетіміздің дамуы жолында үлкен жұмыс атқарып келесіздер. Осы жерде айтылған мәселелердің барлығын біз тиісті мекемелерге жеткізетін боламыз, – деді Руслан Қожасбаев.

Облыс құрылған күннен бастап 43 жана өндіріс іске қосылып, жұмыс істеп тұрған 9 кәсіпорын

кенейтілген. Нәтижесінде, мыңнан астам адам жаңа жұмыс орнымен қамтылды. Қазір облыста цемент, аккумулятор батареяларын, керамика плиткаларын шығару жолға қойылып, құрама жем, күн панельдерінің өндірісі дамуда. Жалпы, өңірде 549 өндіріс орны тіркеліп, оларда 30 мыңнан астам адам жұмыс істейді. Өнеркәсіптегі өңдеу секторының үлесі 76,4 пайызды құрайды.



МЕЖЕ

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

ЖЫЛУ БЕРУ ҚАЗАНДЫҒЫН АРАЛАП КӨРДІ

Мәжілістегі «АМАНАТ» фракциясының депутаты, Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрғасы Нұртай Сабильянов «Орталық» жылу энергетика орталығының жұмысымен танысып, ұжымымен кездесу өткізді.



Облыс қайта құрылғанға дейін қаладағы бірқатар жылу қазандығының 80 пайызының тозығы жеткен еді. Бүгінде жағдай түзеліп келеді.

Депутаттың айтуынша, 2024 жылы республикалық бюджеттен қаражаттың бөлінуіне орай олардың ескіруі 60 пайызға төмендеген. Жылу қазандықтарына қаражаттың бөлінуіне Мәжіліс депутаттары ықпал еткеніне назар аударды.

— Біз бұл жылу энергетика орталығының қызметкерлерімен үнемі кездесіп жүрміз. Осы саладағы проблемаларды жақсы білеміз. Сондықтан оның шешілуіне, бюджеттен қаражат бөлінуіне ықпал етіп, заңнамалық тұрғыда

қолдау көрсетуге атсалысып келеміз. Ең бастысы бұл жұмысты әрі қарай жалғастырамыз, — деді Н.Сабильянов.



Жалпы, Семей қаласында жалпы 21 қазандық бар. Соның бірі осы «Орталық» ЖЭҚ 1988 жылы пайдалануға беріліп, іске қосылған. Қазандық тұрғын үйлердің, әлеуметтік нысандардың және қаладағы 155 көпқабатты үйді жылумен қамтамасыз етіп отыр.

Өңірге сапары барысында депутат Н.Сабильянов Семей қаласы, Жаңасемей, Бесқарағай, Жарма, Аягөз аудандары мен бірнеше елді мекендерде халықпен кездесіп, әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

Тұрғындар көтерген сауалдар мен мәселелерді Парламент қарбырғасында қарайтынын, жұмыс жүргізетінін айтты.

АЗАМАТТАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІНЕ ҚҰЛАҚ ТҮРДІ

Мәжіліс депутаттары Әділ Жұбанов пен Дүйсенбай Тұрғанов Атырау облысы Жылыой ауданына сапары барысында Жем және Құрсай өзендерінің түбін тереңдету жобасының орындалу барысымен танысты.



Сапар аясында депутаттар жергілікті тұрғындармен кездесіп, олардың тұрмыс-тіршілігін, өңірдегі экологиялық жағдайды және атқарылып жатқан жұмыстарды талқылады. Азаматтардың ұсыныс-тілектерін тындап, Парламентте қабылданып жатқан заңдар туралы пікір алмасты.

— Бүгін жылыойлықтармен кездесіп, көктемгі маусымға дайындықпен таныстық. Атап айтқанда, Жем және Құрсай өзендерінің түбін тереңдету жұмыстарын көрдік. Жоба аясында жергілікті жердің географиясын жатқа білетін көнекөз қариялар мен ауылдың белсенді азаматта-

рының ұсыныстары ескеріледі. Осы мәселе бойынша атқарылып жатқан жұмыс әрдайым біздің назарымызда болады, — деді депутат Дүйсенбай Тұрғанов.

Жоба аясында жалпы ұзындығы 95 шақырым болатын түп тереңдету жұмыстары жоспарланған. Атап айтқанда, Құрсай каналы — 46,1 шақырым, Жем өзені — 48,9 шақырым, бөгет құрылысы — 61 шақырым. Қазір Жем өзенінің 4 шақырымы және Құрсай каналының 31 шақырымы, жалпы 35 шақырым түп тереңдету жұмыстары аяқталған. Түп тереңдету және бөгет салу жұмыстарына 107 арнайы техника жұмылдырылған.

Жұмыс кестеге сай көктемге дейін толық аяқталады деп жоспарланып отыр. Депутаттардың айтуынша, бұл шаралар көктемгі су тасқынының алдын алуға және аймақтың экологиялық жағдайын жақсартуға септігін тигізеді.

Мәжілістегі «АМАНАТ» партиясы фракциясының депутаттары Айгүл Құспан, Айдос Сарым, Сергей Пономарев және Ринат Зайытов Алматы қаласына сапары аясында Алатау ауданындағы әлеуметтік нысандардың жұмысымен танысты.

21 ЖАҢА ҮЛГІДЕГІ МЕКТЕП САЛЫНУДА



Мәжілісмендер «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған жаңа үлгідегі мектепте болды. Депутат Сергей Пономарев бұл мектеп партияның сайлауалды уәделерін іс жүзінде орындап жатқанының айқын көрінісі екенін айтты. Жоба аясында Алматыда бірнеше жаңа мектеп ашылды, ол оқушылардың сапалы білім алу мүмкіндігін арттыра түспек.

— Мемлекет басшысы «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында атап өткендей, еліміз бойынша 460 мың оқушыға арналған 217 жайлы мектеп салу жоспарланып отыр. Оның 105-і салынды. Мектеп — болашақ ұрпақтың берік негізін қалайтын жер. Біздің міндетіміз — әр баланың сапалы білім алуына қолай-

лы жағдай жасау, — деді Айдос Сарым.

Сонымен қатар мәжілісмендер «АМАНАТ» партиясының бастамасымен салынған отбасылық-дәрігерлік амбулаторияның жұмысымен танысты. Медициналық мекеме азаматтарға сапалы медициналық қызмет көрсетуге, сондай-ақ емханалардың жұктемесін азайтуға бағытталған.

Депутаттардың сапары Алматы қаласындағы әлеуметтік жобалардың орындалу барысын бақылауға, сондай-ақ тұрғындардың өзекті мәселелерін зерделеп, жүйелеуге бағытталған маңызды қадам болды. «АМАНАТ» партиясы сайлау алдындағы міндеттемелерін орындауды жалғастырып, еліміздің тұрақты дамуына үлес қосуда.

ЖАЙЛЫ МЕКТЕПТІҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Мәжіліс депутаты Снежанна Имашева Батыс Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Орал қаласы Деркүл ауылындағы «Жайлы мектеп» республикалық жобасы аясында салынған №51 жалпы білім беретін мектептің жұмысымен танысты.



№51 орта мектептің директоры, «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» бағдарламасының запастағы мүшесі Жақсығали Жұмабай білім ордасының жұмысымен таныстырды. Оның айтуынша, оқушылар көп болғандықтан сабақ үш ауысымда жүргізілетін №49 орта мектептің оқушылары осында ауыстырылған. Бүгінде 1 200-ден астам бала жаңа, жайлы мектепте білім алып жатыр.

— Мектептің өте жақсы заманауи құралдармен жабдықталғанына, балаларға жайлы жағдай жасалғанына қуаныштымын. Мұндай форматтағы мектептер барлық қалада, ауылдық округтерде болуы керек деп ойлаймыз.

Мемлекет басшысы жуырда «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында айтқандай, алдағы уақытта республика бойынша 460 мың оқушыға арналған 217 жайлы мектеп салу жоспарланып отыр. Депутаттар бұл құрылыстың сапалы әрі уақытылы жүргізілуін ерекше назарда ұстайды, — деді Снежанна Имашева.

Мектептегі орын тапшылығы мәселесін шешу — «АМАНАТ» партиясының сайлауалды бағдарламасының бір тармағы. Әзірге бұл — Батыс Қазақстан облысындағы алғашқы жайлы мектеп. Облыс бойынша жаңа үлгідегі тағы бірнеше мектеп ашу жоспарда.

НАРЫҚ

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жақында «Қазақстанға экономиканың 4 пайыздық өсімі аздық ететіні анық... Үкімет экономиканы барынша дамыту үшін тың тәсілдер табуға тиіс» деп ел билігіне салмақты міндет жүктелгенін қадап айтқан болатын. Әзірге Ұлттық экономика министрлігінің мәлімдеуінше, алғашқы 11 айдағы экономикалық өсім 4,4 пайыз көрсеткішке жеткен. Нақты саладағы оң динамика 5%, көрсетілетін қызметтер 4,5%. Алдағы 2025 жылы бұл көрсеткішті жоспарға сәйкес 5,5-6 пайыз деңгейіне жеткізу міндеті қойылып отыр.



ИМПОРТ АЛМАСТЫРУ ДА ИНФЛЯЦИЯҒА ТОСҚАУЫЛ

Алайда сала мамандарының айтуынша, қазіргі ахуалды ескере отырып, тек мұнай шикізатының экспортына арқа сүйеу арқылы мұндай өсімге қол жеткізу мүмкін емес екенін түсіну маңызды. Тәуелсіз сарапшы, экономист Мақсат Халықтың айтуынша, еліміздегі экономикалық өсім соңғы кездегі бағалардың өсуі арқылы қалыптасып отыр.

ТАБЫСЫҢ ТҮРМЫСЫНАН БЛІНСЕ ИГІ

— Сондықтан бұл экономикалық өсімнің халықтың әлеуметтік жағдайына айтарлықтай оң әсерін тигізбегені анық байқалады. Нарық заңдылықтарына сәйкес, егер экономикалық өсім 3 пайыздан жоғары болса, ол азаматтардың тұрмыс деңгейін жақсартуға тиіс. Алайда біз бұл өзгерісті сезінген жоқпыз. Себебі елдегі экономикалық өсімнің бір бөлігі инфляцияның әсерінен пайда болған жасанды көрсеткіштерге негізделген деуге толық негіз бар. Мұны нақтырақ түсіндіру үшін 2005 жылды негізге ала отырып, ЖІӨ көрсеткіштерін салыстырайық. Есептеуге сүйенсек, биылғы жылы Қазақстанның жалпы ішкі өнімі 160 миллиард АҚШ долларына тең болуға тиіс. Бірақ ресми мәліметтерде бұл көрсеткіш 260 миллиард АҚШ доллары деп көрсетілген. Яғни, шамамен 100 миллиард долларға тең айырмашылық инфляция мен баға өсімінің нәтижесінде жасалған. Бұл экономикалық дамудың нақты өнімділікке емес, бағаның артуына негізделгенін білдіреді, — дейді ол.

Сарапшының сөзіне сүйенсек, халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайында, нақты табыс деңгейінде айтарлықтай өзгерістер байқалмай отыр. Жалақының номиналды түрде өсуіне қарамастан, сатып алу қабілеті төмендеген. Бағаның шарықтауы халықтың күнделікті тұтыну шығындарын арттырып, өмір сүру деңгейінің нақты төмендеуіне алып келді. Бұл жағдай экономикалық саясаттың тиімділігін қайта қарау қажеттігін көрсетеді.

— Әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың әл-ауқатын жақсарту үшін экономикалық өсім сапалы және тұрақты болуы тиіс. Яғни, өсім негізінен өнімділік пен өндіріс көлемінің артуынан, жаңа жұмыс орындарының ашылуынан және халықтың нақты табысының өсуінен құралғаны жөн. Халықтың

төлем қабілеттілігінің өскенін жалақысына биыл былтырғы жылмен салыстырғанда көбірек зат сатып алу және қызметтерді пайдалана алуынан көруге болады. Бізде кері кетіп барады. Қазір азаматтардың табысы орташа есеппен 5 пайызға өсті деп көрсетіледі. Бірақ тауарлардың бағасының қымбаттауы соңғы жылдары 10 пайыздан көбірек жатқан жоқ. Былтырғы қорытынды бойынша ресми статистика 8,5 пайыз деп көрсетті, дегенмен бейресми статистика өз алдына жүретінін білесіз, ол 10 пайыз көлемінде. Алдыңғы жылдары, тіпті инфляция 20 пайызға дейін көтерілген еді, ал халықтың табысы жылына 5 пайыз деңгейінде өзгеріп келеді. Қорыға айтқанда халықтың табысы баға өсімін қуып жете алмай жатыр, — дейді маман.

Оның айтуынша, ресми түрде арифметикалық жолмен есептелетін «орташа жалақы мөлшері» бар. Бірақ одан бөлек, соңғы кездері медиандық жалақыны есептеп қоса бастады. Бұл — еліміздегі азаматтардың көп бөлігі алатын жалақының орташа есебі. Экономист бұл әлдеқайда шынайылыққа жақын деген пікірде. Мысалы, халықтың 70 пайыздан астамы 200-300 мың теңгенің арасында табыс табады. Соның ішінен орта есебін шығарса, ол 250 мың теңге болмақ. Дегенмен әлі де төменгі жалақы алатын халықтың саны көп.

Экономиканың әртараптан-дырылуы — тұрақты дамудың негізгі шарты. Осы орайда ауыл шаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, туризм және инновациялық технологиялар сынды салаларды дамытуға ерекше назар аудару қажет. Экономист Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, аталмыш секторлардың әрқайсысы ел экономикасына қозғаушы күш бере алады. Сондықтан сыртқы тәуекелдерді айналып өтудің негізгі амалы өз өндірісімізді өрге домалату ғана.

— Экспортқа тәуелді мемлекет ретінде әлемдік нарықтағы мұнай бағасының ауытқулары елдің экономикалық көрсеткіштеріне тікелей әсер ететіні сөзсіз. Ал тәуекелдерді төмендету үшін экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз ететін ішкі өндірісті дамытуға басымдық беру маңызды. Сонымен қатар биыл инфляция деңгейін 5,5-7 пайыз аралығында ұстап тұру — экономикалық өсімге оң ықпалын тигізетін факторлардың бірі. Елдің сыртқы экономи-

калық байланыстары мен әлемдік экономиканың даму қарқынына үйлесімді әрекет ету де маңызды рөл атқарады. Сауда серіктестерімен тиімді ынтымақтастық орнатып, экспорттық мүмкіндіктерді кеңейту арқылы жоғары нәтижелерге қол жеткізуге болады. Экономикалық стратегияны дұрыс жоспарлап, әрбір секторда үйлесімді саясат жүргізу арқылы елдің тұрақты және сапалы өсіміне жол ашамыз, — деген пікірімен бөлісті сарапшы.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚ ҚҰРЫҒЫНАН ШЫҒАР ЖОЛ ҚАЙДА?

2023 жылмен салыстырғанда, инфляция қарқыны біршама бәсеңдегенімен, межелі «дәлізден» асып жығылмақ. Мәселен, Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстандағы инфляция 2023 жылғы 9,8%-дан 2024 жылы 8,6%-ға дейін баяулады. Бұл бағаның біртіндеп тұрақтанғанын көрсетеді. Дегенмен бағаның өсу қарқыны әртүрлі санаттағы тауарлар мен қызметтер арасында өзгеріп отырады. Атап айтқанда, азық-түлік тауарлары 5,5%-ға, азық-түлік емес тауарлар 8,3%-ға қымбаттады, ал ақылы қызметтердің құны 13,3%-ға өскен.

Сарапшылардың айтуынша, инфляцияны 5 пайызға дейін төмендету — елдің экономикалық саясатындағы басты мақсаттардың бірі. Дегенмен биыл бұл көрсеткіш 6-7 пайыз аралығында болатыны болжанып отыр.

— Бұл мәселенің күрделілігі баршаға белгілі, себебі инфляция көптеген факторға тәуелді, олардың ішінде ішкі нарықтың ахуалы, сыртқы сауда байланыстары, халықтың тұтынушылық сұранысы мен ұсынысы айтарлықтай рөл атқарады. Үкімет пен Ұлттық банк осы бағытта бірқатар жүйелі шаралар қабылдауда. Атап айтсақ, салық саясатына енгізілген өзгерістер экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған. Бұл шаралар мемлекеттік кірістерді тиімді басқарумен қатар, бизнес ортаның белсенділігін арттыруға ықпал етеді. Шағын және орта бизнестің үлесін көбейту, халықтың төлем қабілеттілігін жақсарту сияқты қадамдар инфляцияны бақылауда маңызды рөл атқарады. Бұл бағытта тек инфляцияны төмендетіп қана қоймай, экономикалық өсімге де жаңа серпін береді, — дейді Б.Ысқақов.

Елімізде инфляцияға жауапты орган — Ұлттық банк болғандықтан, сол мекемеден инфляцияны төмендету талап етіліп отыр. Қазір ол инфляцияны таргеттеу бойынша саясат жүргізіп жатыр және 2025 жылдан бастап оның мөлшерін 5 пайыздан асырмаймыз деп уәде еткен. Биыл сол дәлізге орауды мақсат етіп отыр. Дегенмен Мақсат Халықтың айтуынша, инфляциямен күрес ол тек Ұлттық банктің міндеті болмауы қажет. Өйткені ол ақша массасын реттеу және базальк пайыздық мөлшерлеме арқылы теңгеге құн беріп, ең төменгі пайызды бекіте алады. Осы екі құрал арқылы ғана нарыққа ықпал етеді. Ал негізінен инфляцияның аз және теңгенің тұрақты болуы Үкіметтің жүргізіп отырған саясатына байланысты.

— Бізде индустрияландыру бағдарламасы, Президент тапсырған экономиканы әртараптан-дыру бағдарламалары бар осы бағыттардың барлығы өкінішке қарай орындалып жатқан жоқ. Инфляцияның жоғары болып қалуының басты себебі — осы. Бірақ Үкімет бұл міндеттерді орындауға бел шешіп кірісті деп айта алмаймын. Ол бағамен күресеміз дегенмен, әрекетіне қарастан шенділердің базар аралап жүргенін елестетеді. Бұл — ең әлсіз әдіс. Инфляцияны құрықтаушы негізгі фактор тауар өндірісі болса, оған жеткілікті түрде көңіл бөлінуі керек. Қандай отындақ тауарлар өндіруге басымдық берілгені дұрыс? Индустриялық министрлік тарапынан осындай тауарлардың тізімі бар реестр жасалынуы тиіс. Жазда аталмыш ведомство өкілдерімен пікірталасқа түскен едік, ол кезде мұндай реестр әлі дайын еместігін алға тартқан болатын. Міне, қазір 2025 жылға өттік, алдағы жылы жасалып қалар. Дегенмен бір өтпеген-ай деп айтатын тұсымыз қазір Қытаймен шекара ашық. Көптеген тауарлар импортталып жатыр, ал соған ұқсас отандық тауар өндірушілер қазір жабылудың аз-ақ алдында тұр. Бірақ мемлекеттік реестр әлі де дайын емес. Кімдерге көмек көрсету қажет, қай салаға басымдық беру керек деген сауалға жауап жоқ. Бұл ұят жағдай, сондықтан осындай үдерістер экономикамызды артқа тартып отыр, — деген тұжырымды айтады экономист.

Маманның пікірін әріптестері де қолдап отыр. Өйткені импорт алмастыру — инфляцияны ұстап тұруға арналған негізгі тетіктердің

бірі. Сырттан келетін тауарлардың орнын отандық өнімдермен алмастыру, жергілікті өндірісті қолдау, логистиканы оңтайландыру және өндірістік шығындарды төмендету арқылы нарықтағы тауар бағасының тұрақтылығын қамтамасыз етуге болады.

— Бұл шаралар отандық тауарлардың бәсекеге қабілеттілігін арттырумен қатар, халықтың табысына лайықты баға деңгейін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Биылғы жылы инфляцияны 6 пайыз деңгейінде сақтап қалу — айтарлықтай жетістік болар еді. Себебі бұл тек сандық көрсеткіш қана емес, елдегі экономикалық тұрақтылықтың маңызды индикаторы, — дейді Бауыржан Ысқақов.

ҚАРА АЛТЫННЫҢ ҚҰНЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРМЕК?

Қымбатшылық туралы айта отырып, мұнай бағасын қалай айналып өтпекпіз. Өйткені мемлекеттік бюджеттің шығыны мен кірісі қара алтынның құнына тікелей байланған. Мұнай бағасының динамикасы әлемдік нарықтағы сыртқы факторларға тәуелді екені белгілі. Соңғы жылдары АҚШ-тың дамушы елдердің экономикасы мен мұнай бағасына қатысты қатан саясаты, әсіресе монетарлық шектеулер, мұнай бағасының төмендеуіне әкеліп отыр. Қазір мұнайдың барреліне шаққандағы құны төмендегені байқалады. Бауыржан Ысқақовтың айтуынша, дамушы елдердің қатарында болғандықтан, бұл жағдайдың біздің экономикамызға да кері әсер ету қаупі жоғары.

— Осы факторларды ескере отырып, биыл мұнай бағасының барреліне шаққанда шамамен 72-75 АҚШ доллары деңгейінде болатыны болжануда. Аталған факторлар ескерусіз қалса, ұлттық валютаның девальвацияға ұшырау қаупі сөйлемейді. Бұл жағдай елдің ақша-несие саясатының әлсіздігін және бюджет тапшылығы мен инфляция деңгейінің ұлттық валюта тұрақтылығына әсерін көрсетеді. Қазіргі болжамдарға сәйкес, теңге бағамы 2025 жылы 545-550 деңгейінде болады деп күтіледі. Алайда бұдан әрі құлдырауына жол бермеу — мемлекеттік экономикалық саясаттың тиімділігіне тікелей байланысты. Ұлттық валютаның тұрақтылығы үшін кешенді шаралар қабылдау қажет, — деп өз болжамдарын ортаға салған экономист сыртқы қарыздардың да мән жайына ерекше тоқталды.

Оның айтуынша, Қаржы министрлігінің алдында 2025 жылы 2,5 миллиард АҚШ доллары көлемінде облигацияларды өтеу міндеті тұр. Бұл — еліміздің сыртқы қарыздарын азайтуға және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған маңызды қадамдардың бірі. Алайда шетел валютасына деген сұранысты ұлғайтып, теңгенің әлсіреуіне ықпал етуі мүмкін. Бұл жерде импортты алмастыру саясатының маңызы зор. Ұлттық валютаның құнын сақтау үшін мұнай бағасына ғана тәуелді болмай, әртараптан-дырылған экономика құру — уақыт талабы. 2025 жылы доллар бағамын 550 теңге деңгейінде ұстап қалу мүмкіндігі бар. Бұл үшін мемлекет қатан әрі тиімді экономикалық саясатты ұстанып, сыртқы қарыздарды басқару мен импортты алмастыру бойынша нақты шараларды жүзеге асыруы қажет. Осындай стратегиялық қадамдар ұлттық валютаны тұрақтандырумен қатар, халықтың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік береді.

Кәмила ЕРКІН

БІЗДІҢ СҰХБАТ

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



ҰЛТТЫҚ
СТАТИСТИКА БЮРО-
СЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ 2024 ЖЫЛҒЫ
1 желтоқсандағы дерек бойынша 20 265 320 адам
болды деген ақпарат таратты. Бюро ұсынған мәліметке
сенсек, қала халқы 253 мыңға өсіп, 12,75 миллионға жеткен. Ал
ауыл халқы көрсінше 3 мың адамға азайды. Бүгінде ауылда 7,514
миллион адам тұрады. Ал елдегі ер адамдардың үлесі 9 млн 901 мың 542
болса, әйел адамдардың үлесі 10 млн 363 мың 778-ді құрайды. Сондай-ақ
осы кезеңде халықтың табиғи өсім көрсеткіші 217,1 мың адамға жетті. Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2030 жылы қалада тұратын халық
саны 14 млн адамға, 2050 жылы 20 млн адамға жуықтап қалуы мүмкін дейді.
Халық саны 2050 жылы 26,5 миллионға жетеді деген болжам бар.
Халық санының артуы, қала халқы мен ауыл халқы арасындағы демографиялық
және әлеуметтік айырмашылық мәселелері туралы тарих ғылымының докторы, про-
фессор Аманжол Қалышпен әңгімелескен едік.

ДЕМОГРАФИЯНЫ КӨТЕРЕТІН — ЖАСТАР

— Елімізде халық санының өсуіне негізгі себептер қандай? Демографиялық саясатта табиғи өсім мен көші-қонның үлесі қаншалықты маңызды?

— Кеңес үкіметі тарағаннан кейін бізде жағдай жақсы болған жоқ. Неге десеніз, өндірістер жабылып, совхоз, колхоздар тарай бастады. Халықтың жағдайы мүлдем төмендеп кетті. Депопуляция жүрді қазақтан басқа кейбір ұлт өкілдері өздерінің тарихи отанына көше бастады, халық саны кеміді. 25-30 пайызға дейін халық көшіп кетті. Жастар, квалификациялық мамандар, өндіруші күштер кетті.

Олардың орнына Аллаға шүкір 1,5 миллион қазақ тарихи Отанына келді. 1,5 миллион деп жүрміз, меніңше, 2 миллиондай қандас келді. Өйткені елге бейресми келген қазақтар да өте көп болды. Мен Моңғолияның қазақтары, Ауғанстан қазақтары, Қытай қазақтары, Орталық Азия қазақтары туралы көп зерттедім, 5-6 кітап шығардым. Ең бірінші қандастар 90-жылдары Моңғолиядан еңбек шартымен келе бастады. Баян-Өлгий, Ховда аймағынан, Улаанбаатар маңынан Шығыс Қазақстан, Жетісу өңіріне көп келді. Үйрене алмаған 30 пайыздайы қайтып кетті, қалғандары шыдады, үйренді кеткен халықтың орнын толтырды.

— Ұлттық статистика бюросы таратқан ақпаратқа сәйкес, қазір ауыл халқы 3 мың адамға азайып, ауылда 7,514 миллион адам қалды. Сіздің ойыңызша, ауыл халқының азаюы қандай әлеуметтік және экономикалық мәселелер туындатуы мүмкін?

— Егемендіктің елен-аланында ауыл халқын қолдамадық, өндіріс ашамын, шаруашылық құрамын дегендерге шынайы көмектеспедік. Қаншама қаражат «Ұстағанның қолында, тістегеннің аузында» кетті. 2000-5000 тұрғыны бар ауылдарда қағаз жүзінде ТОО-лар аштық, жалғандыққа жол бердік, өтірік экономика құрдық. Нарықтық экономикаға бейім, өзін-өзі алып жүре алатындай шаруашылық саны 10 пайыз болған шығар. Егер 100 пайыз шаруашылық болса, олардың 10 пайызы ғана шынайы қалғандары қағаз жүзінде болды.

Біздің шенеуніктерге ауылдың дамығаны керек емес. Себебі ауыл адамдары аздаған өнімдерін өсірсе, шенеуніктердің қалтасына ештеңе түспейді сондықтан оларға Өзбекстан, Қырғызстан, Қытайдан тасымалдау арқылы пайызын өсіріп, үстінен қосып сатып, пайда көрген тиімді. Мысалы, Жамбыл облысы, Қызылорданың оңтүстігі мен Түркістан, Жетісу, Алматы, Шығыс Қазақстан облысының шаруаларына жағдай жасап, жері құнарлы, ауа райы климаттық ерекшеліктеріне сай қолайлы егін шаруашылығын, ауыл шаруашылығын дамытуға болар еді. Өкінішке қарай, ештеңе істелмеді. Осы экономикалық дағдарыс әлеуметтік, демографиялық мәселеге әкеліп жатыр. Жастар несие де ала алмайды, несие алу үшін кепіл қоюы керек. Қаражаты болса, Үкіметке алақан жаймай өндірісін өзі ашпай ма?!

Еуропаны көріп отырмыз, Түркияның өзінде мына Қаскелең, Шамалған сияқты мегаполистің қасында қалалар бар, ешкім қалаға қашып жатқан жоқ. Өндіріс, шаруашылық бәріне мемлекет қолдауын беріп

отыр. Мәселен, Израильде ауылшаруашылық кооперативтеріне ешкім ешқандай кедергі жасамайды, мемлекет тарапынан жанармай, дақыл, дәрі басқа да қажеттіліктерді заңды тұрғыда қамтамасыз етіп отыр. Қытайда да солай.

— Елімізде өңір халқының тығыздығы да сан алуан. Мәселен, елімізде үш миллионер қала бар болса, 4 облыс орталығында тұрғындар саны миллионнан асты. Халық санының аймақтардағы әркелкілігі елдің экономикалық және әлеуметтік дамуында қандай рөл ойнайды?

— Қазақстанның өңірлері, облыс, аудандары бірдей емес оңтүстік пен солтүстікті, батыс пен шығысты, қала мен ауылды салыстыра алмайсыз. Сосын, қазағы басым өңірлерді басқа ұлт өкілдері басымдық өңірлермен салыстыра алмайсыз. Қалалар дегенде Арқалық, Семей секілді депопуляцияға ұшыраған облыс орталықтарын да ұмытпауымыз керек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бірнеше облыс ашып берді. Абай, Жезқазған, Жетісу облыстары. Торғай облысын да ашу керек еді. Біз мандайымызға жазылған тарихи облыстарды қалай көтереміз?! Біздегі депопуляция ең жағдайы қиын жергілікті халық тұратын елді мекендерде екенін де естен шығармаған абзал.

Халық түгел дерлік реті келсе қалаға көшіп жатыр. Қазіргі ауылдарды Қытай, Түркия сияқты «приоритетный» жағдай жасауға болады. Кішігірім кооперативті қолдау, кәсіпкерді алдамау, жұмысына кедергі келтірмеу, астығын, малын, еті мен сүтін, құрт-майын, жүн-жұрқасын келісімшартпен сата алатын ұзақмерзімді қолдау шараларын қарастырса... Біз тек бүгінгі күнмен ғана өмір сүріп жатырмыз. Ауылдарда тіпті шағын тігін цехтарын, аяқкиім тігетін, азық-түлік өндіретін кооперативтер құруға жағдай жасауға болар еді. Малайзияның, Сингапурдың экономикасын үлгі етіп отырмыз дейді. Ол елдер 20 жылда-ақ өркениеттің біраз жеріне дейін жетіп үлгерген еді, бізде 30 жылдан асты ғой.

— Демографиялық өсімі мен экономикалық даму динамикасын теңестіруге бола ма? Ал миллионер қалалар санының артуын шағын қалалар агломерациясын қалыптастыру арқылы шешудің нақты жоспары қандай болуы керек?

— Кең байтан жерімізді, дархан даламызды сақтап қалу үшін 30 немесе 40-50 миллион халық керек. Ал демографияны көтеру үшін мемлекет тарапынан көмек керек. Экономика жағын ауыл шаруашылығы негізінде дамытатын жоспар қажет. Жастарға, жас отбасыларға арналған қолайлы саясатты қолға алу керек. Оларға жеңілдетілген несие, үй, машина алуына жағдай жасай алса, соның экономикалық тиімді жолын ұсына

алса, жоспарын жасай алса дұрыс болады. Қазіргідей тегін әлеуметтік көмек мәселені шешпейді. Жастарға, халыққа жұмыс керек, өндіріс керек. Қазір өсім беріп отырған қазақы елді мекендер, түркітөктес мұсылман халықтары, әсіресе оңтүстік Қазақстан, оңтүстік шығыс Қазақстанда халқының саны өсіп келеді. Экономикалық жағдай дұрыс болса, ауылда балабақша, мектеп, жұмыс болса өндіріс ашыла, халық ауылда тұрақтар еді.

Білімді, білікті жастарды шетелге жібермеудің амалы болуы керек. Демографияны көтеретін — жас отбасылар. Сондықтан әлі

Қазақстан үшін тиімді ұстаным, геосаяси дұрыс шешім деп ойлаймын. Қалалар өскенімен, еңбек нарығы, өндіріс ашылған жоқ. Шымкентте де, Ақтөбеде де урбанизация дегенмен базар, қызмет көрсету секторы нақты жолға қойылған жоқ.

Экологияға қатысты инфрақұрылым тек Алматыда, Астанада дамып келе жатыр. Бірақ Шымкент, Ақтөбе сияқты қалаларда экологиялық инфрақұрылым онша маз емес. «Болашақтың қаласы», «Ақылды қала» деген баяғыдан дамыған қалаларда бар да, өндірістік қалаларда әлі бір ізге түспеді. Тіпті, Алматыны егер Медеу немесе Кеңсай жақтан қарасаңыз біз қарамайдының ішінде отырмыз. Ауаны қалай тазартуға болады ойлану керек.

Мысалы, Анкара (4,5 млн халқы бар) Алматыға керемет ұқсайды оларда біздегідей кептеліс жоқ, айналма жол көп. Қаланы дамыту, урбанизация, агломерация деген терминдердің тасасындағы жүз мыңдаған проблеманы шешуде халықаралық тәжірибелер бар Құдайға шүкір.

— Сіздің ойыңызша, халқымыздың қала тұрғындарына айналуы ұлттың мәдени-рухани этнологиясы мен этнографиясына қалай әсер етпек...

— Халықтың қала тұрғынына айналуға тұрған ештеңе жоқ. Қазір қалаларда қазақ басымдыққа айналып келе жатыр. Қазақ тілі дамып келеді, мектеп балабақша көбейіп жатыр. Мұның бәрі отбасына байланысты, сана-сезімімізге байланысты. Біздің ата-аналарда баламды мемлекет, университет немесе балабақша, мектеп тәрбиелейді деген көзқарас бар. Отбасы немесе бала тәрбиесіндегі жауапкершілікке немқұрайды қарайтын әдет қалыптасқан. Соның салдарынан сабақтастық, қалыптасқан отбасы институты, отбасы құндылығы әлсіреп қалды.



Қазіргі ауылдарды Қытай, Түркия сияқты «приоритетті» жағдай жасауға болады. Кішігірім кооперативті қолдау, кәсіпкерді алдамау, жұмысына кедергі келтірмеу, астығын, малын, еті мен сүтін, құрт-майын, жүн-жұрқасын келісімшартпен сата алатын ұзақмерзімді қолдау шараларын қарастырса...



де қандастарды көшіру саясатын тоқтатпаған дұрыс. Қазір жұмыссыздық 4,5 пайыз деп көрсетіліп жүр, меніңше бұл жалған, шын мәнінде жұмыссыздық 50-60 пайызды құрап отыр. Бұл көрсеткішті ашық талдап, геостратегиялық саясатты жан-жақты зертеп, бағамдау керек.

— Қазіргі миллионер қалалардың инфрақұрылымын, экономикасын мен экологиясын реттеу шаралары қалай жүзеге асып жатыр деп ойлайсыз?

— Жиырма жыл төңірегінде мемлекет Қазақстанның 3-4 бөлігінде миллионер қалалардың болғанын талап етті. Соңғы жылдары қалаға жақын елді мекендерді қалаға қосып жатыр. Қаланың шетіндегі елді мекендерге, егіншілікке, диканшылыққа жарамды жерлерге тиіспеу керек еді. Қаланы азық-түлікпен, жеміс-жидекпен және киім-кешекпен қамтамасыз ете алатын шағын өндіруші секторларды дамыту керек еді. Әрине, миллионер қалалар үшін бек қуаныштымын. Мәселен, Түркістанда университет ашу дұрыс шешім болды. Ал Ақтөбеге келетін болсақ, ол жақта ауылдар қала шетінде тығыз орналаспаған. Жерді халыққа беріп жатыр ол жерлер ауыл шаруашылығына онша қолайлы емес. Бірақ ол да геосаясат үшін керек. Батыс Қазақстанда үлкен қарқынды мегаполистің болуы

Бізде тұнған парадокс. Түркияны қараңыз ислам дінінің арқасында Еуропамен көрші отырып, түрік болып өмір сүріп жатыр. Қазақ жоғалса, Кеңес үкіметі тұсында-ақ жоқ болып кетер еді. Біз ол кезбен салыстырғанда, қазір көп нәрседен қол үздік.

Бір-ақ мысал айтайын. Мен отбасы, неке тақырыбын, ұлтаралық неке, ажырасу мәселелерін көп зерттеймін. Сонда айтайын дегенім, шетелдің жігіттеріне тұрмысқа шығуға құмар тек қазақ кыздары. Араб па, кара нәсілі мен соларға екінші, үшінші әйел болып барып жатқан қарақөздеріміз. Неге түркімендерде, өзбектерде ондай үрдіс жоқ? Неге шешендерде, арабтарда, ингуштарда жоқ? Бұл үлкен сұрақ.

Құрылғанына 25 жылдан асқан Президент жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия өмірдің шынайы келбетін білмей ме?! Қыздарымыздың өзге ұлтқа тұрмысқа шығуының пайдасы мен зардабы қандай ойлану керек қой. Ғылыми тұрғыда зерттеу, талдау, сараптау шаралары жоқ емес бар. Бірақ ол халыққа жетпейді, насихаты кемшін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

МӘСЕЛЕ

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Еліміздің ауыл шаруашылығы басы даудан арылмаған, проблемасы көп сала екені белгілі. Бұрнағы жылдары мұнда жемқорлық пен субсидия жымқыру дауы ушыққан болса, одан соң жалған статистика бой көрсетті. Мұның барлығын Президенттің өзі де сынға алып, саланы ретке келтіруді тапсырған болатын. Енді осы статистика мәселесінде бізге БҰҰ көмектескелі отыр.

Нұрлан ҚОСАЙ

ОЛҚЫЛЫҚТАР ТҮЗЕЛМЕЙ ТҮР

Расын айтқанда, жалған деректер ауыл шаруашылығындағы нақты жағдайды бағалауға мүмкіндік бермей отыр. Бұл дегеніміз – экономикамызға қатер төніп тұр деген сөз. Өйткені ауыл шаруашылығы – ел дамуының басты факторы, азық-түлік қауіпсіздігінің кепілі. Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануда да, ауылдық жерлерде жұмыс орындарын құруда да бұл сала үлкен әлеуетке ие. Бүгінде еңбекке қабілетті Қазақстан халқының 38%-ы осында еңбек етеді. Ауыл шаруашылығы негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі бойынша төртінші орында, экономикадағы үлесі бойынша жетінші орында тұр. Сондықтан да мұндағы статистика жай ғана сандар емес, стратегиялық мәні зор ақпараттар. Оған бей-жай қарауға болмайды. Арнайы комиссияның мәліметтеріне сүйенсек, ірі кара мал саны ресми деректерден орташа есеппен 20%-ға алшақ екен. Сондай-ақ қайтыс болған 143,7 мың адамның және жоқ адамдардың, яки ЖСН-ы дұрыс емес 64,2 мың адамның атына мал тіркеу жағдайлары кездескен. 2023 жылы тамыз айында картоп егілген алқаптарға қатысты деректер тексерілгенде, айырмашылық 75%-ды құраған. Келтіре берсе, мұндай бұрмалаушылық өте көп.

«Аграрлық сектордағы баспапқы статистикалық ақпаратты кенттердің, ауылдардың және ауылдық округтердің әкімдері жақтайды. Олар шаруаларға, ферма кожалықтарына, жеке кәсіпкерлерге, қосалқы шаруашылықтарға қатысты мәліметтерді электрондық шаруашылық бойынша есепке алу (ЭШБЕА) базасына енгізеді. Ол Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына келіп түседі. Бұл жерде белгілі бір мүдделер қақтығысы туындауы мүмкін екенін ескеру керек. Өйткені кейбір жергілікті атқарушы органдар нысаналы индикаторларға қол жеткізу үшін өзіне қарасты аймақтың нақты статистикасын көрсетпей, төмен көрсеткіштерді жасыру үшін оны бұрмалап, асыра көрсетілген жалған мәлімет беруі ықтимал. Оның салдары субсидиялау, кредиттеу кезінде қате шешімдерге, бизнес субъектілерінің, екінші деңгейлі банктердің салаға деген сенімсіздігіне әкеледі. Нәтижесінде, мемлекеттік қолдау мен ауыл шаруашылығы өндірушілерін ынталандыру механизмдері жұмыс істемей қалып жатады. Соңғы жылдары жалған мәлімет ұсыну схемасымен қосымша субсидиялар алуға, яки мемлекеттік қолдау арқылы оңай ақша табуға ұмтылу

деректерінің көбейіп кеткенін білеміз», – дейді Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының орынбасары Олжас Төлеуов.

Оның айтуынша, ауыл шаруашылығындағы деректердің ашықтығын жақсарту үшін жинау және өңдеу тәжірибесін жетілдіру қажет. Нақты айтқанда, статистиканың сапасы қолмен енгізу кезінде қалағалаудың жоқтығымен байла-



Әсел БАЛТАҚЫЗЫ (қолжазба)

ДЕРЕК ДӘЙЕКТІ БОЛСА, ДАМУ ТҰРАҚТЫ

нысты. Мысалы, ауыл шаруашылығы деректерін қалыптастыру бойынша АШМ-ның 70 формасының 50-ден астамы әлі автоматтандырылмаған. Бірқатар ақпараттық жүйелерде олқылықтар мен қателіктер бар.

«Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша біз Ауыл шаруашылығы министрлігінің ауыл шаруашылығы техникасына қатысты ақпараттық жүйесінде жойылған көсіпорындар мен қайтыс болған адамдардың меншік иесі ретінде тіркелгенін анықтадық. Дәл осындай сәйкессіздіктер мен деректердің бұрмалануы ауыл шаруашылығы бойынша басқа да өкімшілік ақпарат көздерінде кездесті. Соның ішінде жануарларды есепке алу базасында және Жылжымайтын мүліктің бірінші мемлекеттік кадастрында. Бұл олқылықтар әлі де болса түзелмей тұр. Сондықтан биылға жоспарланған ауыл шаруашылығы санақтары кезінде деректер базасын бір мезгілде жанарту дұрыс болар еді», – дейді ол.

КЕШЕНДІ ШАРАЛАР ҚАЖЕТ

Бұл жағдай депутаттарды да алаңдатып отыр. Олар мұндағы мәселелерді кешенді түрде шешу керек деп санайды. Мемлекет басшысының Ұлттық статистика бюросын реформалау және цифрландыру жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатымен Мәжілісте «Мемлекеттік статистика және деректерді басқару мәселелері жөніндегі заң жобасы» әзірленген екен. Соның аясында Ұлттық статистика бюросы базасында деректер контролерлері институты құрылуда. Бұл ұғым заңнама деңгейінде енгізілген. Аталған мамандар басқа ведомстволардың өкімшілік деректерінде сапасыз ақпаратты анықтап қана қоймай, проблемалар туралы уақытында хабарлап, жедел ден қолатын болады. Сондай-ақ «Цифрлық статистикалық тіркелімдер» жобасы қолға алынған. Өкімшілік деректер негізінде эталондық дереккорлар

құруды көздейтін бұл бастама мәліметтердің қайталануын болдырмауға және респонденттердің есептік жүктемесін азайтуға көмектеспек. Дегенмен жобаны сәтті жүзеге асыру үшін деректерді жинау процестерін толығымен автоматтандыру және өкімшілік деректер сапасын арттыру қажет, бұл талқыланып отырған тақырып аясында ақпараттық жүйелер мен Ауыл шаруашылығы министрлігінің жүйелерін жаңғыртуды қажет етеді.

«Мемлекет басшысы статистикалық ақпаратты қалыптастыру тәсілдерін өзгерту жөнінде бірнеше рет тапсырма берді. Өйткені орасан үлкен дата-оргалықтар мен цифрландырудың даму дәуірінде ақпарат жинаудың ескі әдістері өзектілігін жоғалтты. Аталмыш заң жобасы деректерді басқару және статистикалық ақпаратты қалыптастыру тәсілдерін қайта қарау үшін құқықтық жағдай жасайды. Өзгерістер аясында деректерді басқару жөніндегі талаптар Үкіметтің қаулысымен бекітілетін болады. «Ұлттық регистрлерге» құқықтық мәртебе беріледі. Бұл – Электрондық үкімет архитектурасы шеңберінде барлық салалар бойынша эталондық деректерді қамтитын базалар. Оның ішінде, қайталанатын және дұрыс емес мәліметтер болмайды. Бұдан басқа балама деректер ұғымы енгізіледі. Бұл – өкімшілік және статикалық емес деректер. Ұлттық статистика бюросының келісімі бойынша олар статистикалық есептер мен деректерді талдау үшін ұсынылатын болады. Ұлттық анықтамалық ақпарат ұғымы да енгізіледі. Ол жіктеуіштер, каталогтар, анықтамалар мен номенклатуралар жиынтығын білдіреді», – дейді Мәжіліс депутаты Екатерина Смышляева.

Депутаттар ауыл шаруашылығының экономикалық маңыздылығы жоғары бола тұра, өкінішке қарай, жалпы ішкі өнімге қосатын үлесі аз болып тұрғанын айтады. Орта есеппен бұл көрсет-

кіш 5%-ға жуық. Оның негізгі себептері: өнімділіктің төмен болуы, суармалы жер көлемін ұлғайту қарқынының баяулығы, суды тиімсіз пайдалану, көлік-логистикалық инфрақұрылымның әлсіз дамуы, материалдық-техникалық жарактандырудың жеткіліксіздігі және басқалар. Соның ішінде статистика жайын да айта кеткен абзал. Сол себепті олар ауыл шаруашылығындағы статистикалық есепті мал басын есепке алудың ақпараттық жүйесін, дақылдардың ғарыштық мониторингін, салық және зейнетақы есептеулер, келендік декларацияларды және электрондық шот-фактуралардың базасын интеграциялау арқылы жүргізуді ұсынады. Сондай-ақ кәсіби фермерлерді, жетекші IT-компанияларды және халықаралық сарапшыларды тартып, жұмыс тобын құру арқылы ақпараттық, әдістемелік және нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру керек. Егер шаруа кожалығы жергілікті өкімдердің сұрауы бойынша өндірілген өнім көлемін ұлғайтып көрсететін болса, оған тиісінше салынатын салық көлемі де ұлғайтылуы қажет.

БҰҰ КӨМЕККЕ КЕЛЕДІ

Биыл 1 тамыз бен 20 қазан аралығына елімізде Екінші ұлттық ауыл шаруашылығы санағы өткізілмек. Бұл жұмыста Біріккен Ұлттар Ұйымының Азық-түлік және ауыл шаруашылығы ұйымы (ФАО) маңызды рөл атқармақ. Нақтырақ айтқанда, Ұлттық статистика бюросына «2025 жылғы аралас ұлттық ауыл шаруашылығы санағын техникалық қолдау» жобасы аясында көмекке келмек. Біздің мамандарды оқытып, біліктілігін арттырып, әдістемелер ұсынады. Халықаралық ұйым еліміздің аграрлық секторының тиімділігін арттырудағы маңызды кезеңге дайындық жұмыстарын әлдеқашан бастап кеткен екен. Еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі семинар өткізуде. Мәселен, былтыр 20

тамыз бен 30 қыркүйек аралығында республика бойынша 54 елді мекенді қамтыған ауыл шаруашылығы санағының пилоттық кезеңі өтті. Бұл 2025 жылғы Ұлттық санақты сәтті жүзеге асыру жолындағы маңызды қадам болды. Аталмыш шара тиімді басқару шешімдерін қабылдау, тұрақты даму және азық-түлік қауіпсіздігі үшін дәл және өзекті ақпаратпен қамтамасыз етуге бағытталған. Осы пилоттық кезеңнің нәтижесін бекіте түсу үшін ФАО 2024 жылдың 11-15 қарашасы аралығында Астанада Бюро қызметкерлеріне халықаралық статистика сарапшыларын тарту арқылы семинар-тренинг өткізді. Расмия Алиева, Гиорги Квиникадзе және Энтони Бургарда сынды білікті мамандар озық тәжірибелер, цифрлық деректерді жинау және өңдеу әдістері бойынша сессиялар өткізіп, алдағы ауыл шаруашылығы санағында өкімшілік деректер мен цифрлық шешімдерді тиімді пайдалану мүмкіндіктерін талқылады.

«ФАО сарапшыларымен талқылау сессиялары ағымдағы дайындық шараларына жан-жақты шолу жасап, алдағы санақты ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды әзірлемек. Біздің техникалық қолдауымыз тиімді санақтарды ұйымдастыру үшін Ұлттық статистика бюросының институционалдық және әдістемелік мүмкіндіктерін нығайтуға бағытталған. Сондай-ақ статистикалық мәліметтерді салыстыру мен үйлестіруді жақсартуға мүмкіндік береді», – дейді ФАО-ның Қазақстандағы байланыс және серіктестік кеңсесінің бағдарламалар үйлестірушісі Жаңыл Бозаева.

Ауыл шаруашылығының пилоттық санағы дайындық барысындағы кемшіліктерді анықтап, негізгі санақ процесін жетілдіруге мүмкіндік берген екен. Тестілеу кезеңінде деректерді жинау әдістері талданып, қолданылатын технологиялардың тиімділігі бағаланып, жұмыс процесі кезінде туындауы мүмкін проблемалар анықталған. Бұл өз кезегінде әдістемелік түзету, кадр дайындығын жақсартуға және 2025 жылғы негізгі ауыл шаруашылығы санағы кезінде саланың жай-күйін дәлірек және толық айқындауға негіз болмақ. Жоба ФАО штаб-пәтері мен оның аймақтық кеңселерінің қолдауын қоса алғанда, тұрақты өзара әрекеттесу мен тәжірибе алмасуды қамтиды.

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Мұхтар Мағауин 1940 жылы 2 ақпанда Семей облысының Шұбартау ауданында дүниеге келген. 1962 жылы Қазақ мемлекеттік университетінің Филология факультетін, 1965 жылы аспирантурасын бітірген. Әр жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында, «Жазушы» басында қызмет істеген. Ғылым академиясына қарасты Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында, Мәскеуде Максим Горький атындағы Әдебиет институтында қазақ фольклоры мен қазақ әдебиеті тарихы бойынша лекция оқыған. Жазушы XV-XVIII ғасырдағы ұмытылған ескілікті қазақ поэзиясын қайыра ашып, ресми әдебиет тарихына енгізген. «Аласапыран» тарихи роман-дилогиясы үшін Қазақ КСР-інің Абай атындағы мемлекеттік сыйлығы берілген.

Халық жазушысының қаламынан көркем прозада «Аласапыран», «Көк мұнар», «Шақан – Шері», «Сары қазақ», «Қыпшақ аруы», «Кесік бас – тірі тұлұп хикаясы», «Жармақ», «Шыңғыс хан», «Алтын Орда» романдары, көсемсөзде «Ұлтсыздану ұраны», «Қазақсыз Қазақстан», «Ұлы Отанмыз – мәңгілік Тұран», «Отарлау эпопеясы» сияқты көркем дүниелер туды.

Оның өзіне ғана тән қолтаңбасы бартын. Ғұмыр бойы ізденістен арылған жоқ. Сол ізденіс 5-7 ғасырлық мұра боп, қазаққа қайта оралды. Қазақтың жоғалтқанын тапты, өшкенін тірілтті.

Марқұм Мұхтар Мағауиннің ұлы Едіге: «Қаңтардың 9-ы бейсенбі ақшамда дүние салған әкеміз Мұхтар Мағауиннің жаназасы қаңтардың 11-і сенбі күні сағат 10:00-де түріктің Diyanet Center of America мешітінде (9610 Good Luck Rd, Lanham, MD 20706) оқылады, қонақасы да сол орында 13:00-де беріледі. Жерлеу рәсімі 11:00-де Parklawn Memorial зиратында (12800 Veirs Mill Rd, Rockville, MD 20853) өтеді» деп хабарлама қалдырды.

Қаламгердің артында 30 томдық мол мұра қалды. Бұл мұра ұлттың шамшырағына айналары сөзсіз.

Шырағыңыз сөнбесін, қазақ Абызы!

МЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫ ТАҢБАЛАҒАН ЖАЗУШЫ

Бес ғасырлық жыраулар поэзиясын туған халқының рухани қазынасына қосқан, мың жылдық тарихымызды таңбалап, көркем шежіресін жасаған классик жазушы, халқымыздың біртуар ұлы Мұхтар Мағауин өмірден озды.

Мемлекет басшысы қаламгердің жары мен балаларының қайғысына ортақтасып хат жолдады, тілеулес пейілін білдірді.

Барша қазақ баласы сияқты біз де бала күнімізден Мағауин шығармаларын оқып өстік. Оның еңсесі көтеріп, ұлт тарихына мақтанышыңды оятатын рухты шығармаларымен есейдік. Кейін дидактасып, дәмдес те болдық. Белгілі жазушы Дидахмет Әшімхан қаламгермен таныстырғаны есімде. Мұхтар Мағауиннің әйгілі Тоныкөк жазбасына сүйеніп тұрған суреті бар. Құдды бітік тастан тыңдап, мың жылдық бабалар өсиетін жүрегіне сіңіріп тұрғандай. Қаламгердің бір ғана бейнесі оның бүкіл болмысын, өмірлік миссиясын ашып көрсетеді. Мұхтар ағаның жарқын бейнесі дәл осы қалпында ұрпақ жалында қалатыны сөзсіз.

Өмірінің соңғы сәттеріне дейін қаламын серік етіп, жазудан танбай өткен классиктың мол мұрасы қашанда туған еліне қызмет ете бермек.

Тұтас қазақ халқына, жазушының әулеті мен туған-туыстарына көңіл айтамын.

Асыл ағамыздың алды пейіш, арты кеніш болғай!

Ерлан ҚАРИН,
ҚР Мемлекеттік кеңесшісі

Ұлт мұратын ту қылып ұялмастай күн кешкен, мұратының жолында мұнар-мұнар мұң кешкен, асқақ рухымен аспанмен тілдескен, тіл мен діл үшін түнде көзін ілместен, күндіз күлместен тірлік еткен – Мұхтар Мағауин! Қазаққа дау төнсе қалқан-қабырғасы, жау төнсе адырнасы болған, алапат қалам қуатымен шуақты шығармалар тудырған, дәуірдің дімкәс жүрегін дәру сөзімен жудырған қаламгері, «Аласапыран» заманнан бергі алтын қорымызды болашаққа жеткізуші алаугері, жауынгер-жазушы Мұхтар Мағауинге уақыт жетіпті. Иә, жазушы, әдебиет тарихын зерттеуші ғалым, тарихи романдардың авторы Мұхтар Мағауин бұл жарық дүниеден артына өшпес із, өлмес сөз қалдырып өтіп барады.

ОЛ ҚАЗАҚПЕН БІРГЕ МӘҢГІ ЖАСАЙ БЕРМЕК

Қазақ әдебиеті, қазақ өркениеті үлкен қайғылы қазаға ұшырады. Кеше қазақтың көрнекті жазушысы, классигі Мұхтар Мағауин дүниеден өтті. Мұхтар Мағауин дегенде – бұл біздің бүкіл әдебиетіміздің бүтін бір бөлшегі еске түседі. Ол – қазақ әдебиетінің тарихына да, жалпы қазақ тарихына да, бір адамдай еңбек сіңірген жазушы. Оның шығармаларын бүткіл қазақ оқырманы оқыды десек, артық айтқандық емес. Әсіресе, «Қазақ тарихының әліппесі» деген кітабы – кейінгі ұрпақтың өзінің тарихын біліп өсуіне, үйренуіне, сезінуіне, әрбірден соң өзінің қазақ екеніне мақтануына лайық керемет шығарма.

«Аласапыран» романы, одан өзге де әңгімелері, повестері қазақ әдебиетінің қымбат мұрасына айналды. Біз Мұхтар қайда жүрсе де, үнемі «ол кісі не жазып жатыр екен?», «қазаққа қандай жаңа шығарма береді?» деп күтіп отыратын едік. Ол кісі көзі жұмылғанға дейін қолынан қаламын тастаған емес. Қаншама дүниелер жазды, қаншама мол мағлұматты қазаққа беріп кетті.

Мұхтар Мағауин дүниеден өткенімен, ол бізбен бірге мәңгі жасай береді. Оның қаламынан туған көркем дүниелері – мәңгілік құнды мұралар!

Жатқан жері жарық болсын! Мұндай дарынды тума таланттар қазақтың жүрегінен өшпейді. Қазақтың келешек ұрпағы да Мағауинді бағалайды, сонымен өсіп-өнеді, ерекше құрмет тұтатын болады.

Мереке ҚҰЛКЕНОВ,
Жазушылар Одағы төрағасы

ҚОШ, МҰЗБАЛАҚ!

Уа, дүние, «қаңтардың 9-ы, бейсенбі күні ақшамда», «айбынды ғұнның, ержүрек түріктің, кемеңгер Шыңғыс ханның, асқақ Алтын Орданың, оған жалғас нұр шұғылалы Алаштың әулеті», «бар ғұмырын жарыққа ұмтылған арпалыс үстінде өткен» Ол – Мұхтар Мұқанұлы Мағауиннің де «көзі жұмылып», «бұрынғы алапат Бабалары сияқты»:

– Қайырлы болсын Сіздерге, Бізден де қалған мынау жұрт! – «өлмес, өшпес мәңгілік» (өз сөзі) сапарға аттаныпты.

Ұлтының рухани тұтастығы мен тәуелсіздігі үшін Еркін ой аспанында: дауылдар мен жауындыларға, найзағай мен жай оғына, тосқауыл мен торға қарамастан, отты көзі жарқырап, қанатын сауыс-сауыс мұз басқан сұсты қалпымен, қашан да шамырқанған өршіл намыспен үнемі рух




МҰНАР ДА

майданының алғы шебінде атой шаңқылын ойнақтатқан көшпелі қазақ өркениетінің Мұзбалағының қанаты талып, бақилық тыныштыққа ораныпты. Енді алпыс жыл бойы еркіндіктің сұңқары боп қазақ аспанында атой салған Еркін рухтың дауысы қайтып естілмейтіні өкінішті. Қанатының суылы естілмегенімен де, ол биікке көтеріп кеткен қазақтың және қазақ әдебиетінің әбілһаят суына малынған алтын тұғыры шоктығы жоғары биіктен, өзі айтқандай, «шұғыласын шашып» тұрады. «Күн сөнгенше сөнбейтін» (Сұлтанмахмұт) күндерге бет алған қазақ елінің мәртебесін көтерген

жаппай жоғары, төменгі сатылардың оқу бағдарламасына енді де, Мағауиннің бұрынғы «оппоненттері» Мағауиннің жеке басына деген «оппозициялық» сұқтарын ұстанып, өздерінің «апологеттік» шендерін қорғаштаумен болды. Марқұм Алтынбек Сәрсенбаевтың: «Қобыз сарыны» үшін Мұхтар Мағауинге «Халық қаһарманы» атағын беру керек. Әлі де кеш емес!» – дейтіні сондықтан.

Бұдан кейінгі «Кешқұрым» әңгімесімен «Жармақ», «Шыңғыс ханның» арасын жалғастырған М.Мағауиннің шығармалары қазақ әдебиетінің алтын өзегінің бірі және



рух денгейі, мәңгілік үні өшпейтін «Қобыз сарыны» болып қалады.

Ол, жиырма алты жасында: отар пиғылды, дәрілқарап дінді, нәсілдік астамшылықты дәріптеп, «халық жауын» әшкерелеген ұрпақтың дойыр дөңайбатына тосқауыл қойып, ұстазы Б.Кенжебаевтың алғауымен: «Қазақ әдебиеті Бұқар жыраудан басталады. Одан бұрын қазақ әдебиет те, мәдениет те болған емес!» – деген нәубетті желеудің «жебеушілеріне» тосқауыл қойып, сөз тарихына «Жыраулар әдебиетінің дәуірі» (XI-XVII ғғ.) деген аса маңызды да құнарлы «Заман-ай!» дәуірді, нысаналы пәнді санатқа қосып, санамызға сіңірді. Таңданарлығы, «Қобыз сарыны» монографиясы жарияланған соң, бұл дәуір – жыраулар әдебиеті

берегейі болып табылады. Бұл шығармалардың әрқайсысы М.Мағауиннің өзіне тән күрес, намыс рухында жазылды. Өйткені көп «біздің» ішінен жеке өзінің «Менің» сақтап қалу үшін де өзі айтқандай, «бар ғұмырын жарыққа ұмтылған арпалыс үстінде өткізді».

Иә, өкініштің өксігіне булығы отырып: – Қанатыннан қайырылдың, қазақ, Мұзбалағыңнан айырылдың, қазақ, – деп Мұхтар Мағауиннің барша жанашыр жамиятына көңіл айтамын. Абай айтқандай, «менікі» өлгенмен, «МЕН» өлмейді. Қош, бақұл бол, Мұзбалақ!

Тұрсын ЖҰРТБАЙ,
жазушы

ӨМІРДЕН КІМ ӨТКЕНІН БІЛЕСІЗ БЕ?

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБИ

МАҒАУИН РУХЫ МӘНГІЛІККЕ КӨШТІ

Осыдан екі айдай ғана бұрын Атланттың ар жағындағы алыс Америкадан Мұхтар Мағауин ағатайым қоңырау шалып, «Қорғанбек, амансың ба, айналайын?!» деп, ағалық ақ баталы тілегімен алқап, сөз арасында азырақ ауырып жүргенін, сондағы емханада емделіп, жақсы боп қалғанын да айтып еді. Бірақ Едіге ұлы қағаберісте әке сырқатының нашарлығын құлаққағыс етіп үлгерді. Мұндайда қолдан не қайран келеді? Шипасын беруін, алдағы сексен бес сеңгірін әлемдік деңгейдегі классик жазушымыз Алашыммен бірге амандықта қарсы алып, асқактата атап өтуді тілеген едік. Әттең-ай, өттен, сол сеңгірге 22 күн қалғанда Америкадан, Едіге бауырымнан қаралы хабар жетіп, жан дүниемізді күңгірентіп жіберді.

Қазақ руханиятында Мұхтар Мағауин атты бөлек әлем бар. Алаш алыптарымен алқаулас, рухтас хәм бауырлас бұл әлемді аса көрнекті жазушы дейтін жадағай, жатғанды сөздер сипаттап бере алмайды. Мағауиннің шығармашылық әлемі құдды қазақтың мың

сыйласқан уақыттарымыз аз болған жоқ. Қарамағында қызмет еттік.

Жалпы, Мұхтар Мағауин қаһармандықпен еңбек етудің, қаламға, ұлтқа адал болудың үлгісін көрсетіп кетті. Сонау 1969 жылы шыққан «Қобыз сарыны» кітабынан бастап, «Көк мұнар», «Бір атаның балалары» шығармалары, кешегі «Шыңғысхан» еңбегіне дейін ұлтты сүюдің, ұлтқа адал болудың ғажайып өнегесі болды. Ол өз өмірін тек қана жазуға арнады. Жоспарлы түрде жұмыс істеді.

Мұхтар Мағауиннің «мен мәңгілік аруаққа айналам» деп айтқанын жазып жатыр. Қазақтың қабырғалы қаламгеріне қазақтың басы талай қайта айналып соғатын болады.

Ол кісі 80 жасқа келгенде: «Сөйле, қобыз» деген өлең жазып едім. Сонда мынадай өлең жолдары бар еді:

— Алмас қылыш жарқ етсе,
қолыңда алтын балдағы,
қаламыңның ұшында арыстардың арманы.
...Көк бөрінің терісі сыпырылып тірідей,
Қара қайыс қолдағы —
Енді бізге қалғаны.
Арыстардың арманының рухын жаққан,



МҰНАР, МҰНАР КҮН...

жылдық рухының қызғыш құсындай зар шертеді, ұлттық рух кеністігін мың жылдық қобыз үніндей әулетке кернейді, сөйтіп ісі Алаш баласының тоқсан толғаулы жан күйін толғаған аласапыран ұлы сарынға ұласады. Ұлттық әдебиетіміздің тұтас бір дәуірін жасаған, кеністігін ілгері-кейінді кеңейткен Мағауин әлемі қазағыммен бірге мәңгілік жасай бермек. Атар таңдай ақиқат — осы. Арыстарды, абыздарды асқактатып еді. Өзі де арыс абызға айналды. Сүйегі — Америкада, рухы — Қазақияның аспанында. Мағауинтанудың мәңгілік дәуірі шын мәнісінде енді басталады деп білемін. Елім дегенде Едігедей еңіреп өткен ер қаламгер де осы — Мұхтар Мағауин ағатайым!

Иә, ағатайым! Қырық жылдан бергі ағалы-інілі сыйластығымыз, Алматыға алғаш табаным тиген 17 жасымда «Жалын» журналында өлеңімді шығаруы, өзіме деген әкедей қамқорлығы, сонау Көкшетаудан Алматыға, әдеби ортаға ізгі ниетпен арнайы шақырып алдыртуы, өтпелі қиын кезде анам қайтыс болғанда қайғыма ортақтасып, қасымнан табылуы менің Мұхтар ағатайымның адамгершілік болмысын, жан-жүрегі мейірімге толы кісілік келбетін айшықтайды.

Қош, қош, қазақтың ұлы перзенті, Алаштың асыл абызы, ұлтымыздың ұлы жазушысы. «Мен!» дегені өзіне ғана жарасатын менің Мұхтар ағатайым! Рухы мәңгілікке көшкен Мұхтар Мағауиннің мәңгілік күйі миллиондардың кеуделерінде күмбірлей берсін!..

Қорғанбек АМАНЖОЛ,
ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби
сыйлығының лауреаты

ҚАЛАМЫҢНЫҢ ҰШЫНДА АРЫСТАРДЫҢ АРМАНЫ...

Қазақ руханияты, қазақ көркем ойы, қазақ прозасы үлкен ауыр қайғыны бастан кешкен күн болды. Қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Мағауин өмірден озды.

Мұхтар Мағауин — біздің ұғымымызда, қазақ әдебиетінің, қазақ көркем сөзінің тұтас бір дәуірі. Шын мәнінде, біз ол кісінің тәрбиесін көріп өстік. Ол кісінің тәлімін, тағылымын көрдік. Ол кісімен сырласқан,

солардың арманына шырақшы болған, тек қана ақиқаттың алдаспаны секілді шындықтың биігінен сөйлеген, сондай бір аяулы қаламгер, асыл аға, ұлттың бір ұяты, намысы, ары деуге болатындай ағамыз еді.

Алды жарық болсын!

Кешелі-бері бүткіл Қазақ елі, қазақ байтағы Мұхтар туралы айтып, жоқтап жатыр. Бұл әлі басы деп ойлаймын. Әлі талай рет қазақ Мұхтар тақырыбына оралатын болады. Ұрпақтан ұрпаққа жететін, сағынысып еске алатын есімге айналады.

Барша қазақ еліне көңіл айтамын.

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

БІР МАҒАУИН!

Келмек барын және кетпек барын бөріміз білеміз.

85 жасына титімдей уақыт қалғанда Мұхтар Мұқанұлы Мағауин ағамызға да уақыт болыпты...

Кеше таңертеннен бүкіл қазақ баласының қабырғасы қайысып, жазушы қазасына орай азалы күй кешіп жатыр...



Оның өзіне гана тән қолтаңбасы бар-тын. Ғұмыр бойы ізденістен арылған жоқ. Сол ізденіс 5-7 ғасырлық мұра боп, қазаққа қайта оралды. Қазақтың жоғалтқананы тапты, өшкенін тірілтті.



«Мына Мен — айбынды Ғұн, ержүрек Түрік, кемеңгер Шыңғыс хан, Асқак Алтын Орда, оған жалғас нұр шұғылалы Алаш әулеті — бар ғұмыры жарыққа ұмтылған арпалыс үстінде өткен Мұхтар Мағауин — көзім жұмылған мезетте, бұрнағы Алапат Бабаларым сияқты, өлмес, өшпес, Мәңгілік Аруаққа айналам! Иә!» — депті Мұхтар Мағауин. Алла дәрегейіне алғай!

Ет-бауырымыз езіліп, қайғылы хабарды еңсере алмай тұрған қазіргі шақ та өтер. Мағауин мұрасына үнілер, жазғандарының қалыбы мен қасиетін түсінер кез де жетер. Ноқтаға басы сыймаған, қай қиырға кетсе де Қазағым кимаған Мағауин мұрасы намысты, зерделі, кеуделі оқырманын күтіп жатады. Есті қазақтар көбейсе, сесті қазақтар молайса, Мұхтар ағамыздың еңбегі еш, есіл болмағаны, жазғаны мен айтқаны текке кетпегені деп білеміз!

Нұртөре ЖҮСІП,
сенатор

БЕЛГІЛІ БИІК КӨКСЕНГІР ҚҰЛАДЫ

«Асқар таудың өлгені — басын мұнар шалғаны» деп Көмекей әулие айтқан күн бүгін. Дәл Қыс-Тоғыста алыс Америкадағы Алаштың арысы Мұхтар Мұқанұлы Мағауин өтті өмірден! Қанша ауыр хабар болса да жазмыштың жазуына бейшарамыз...

Ұлттың Төрт Құбыласының бірі — әдебиет. Сол Құбыланың алтын ұстыны құлап түсті!

Мағауин құлдықта өлесі халде жатқан қазақ рухын қайта оятқан тұлға еді. Бізді тірілткен қасиетті парак жабылды. Енді Мұхтар ағам Күлтөгін Мәңгітасының қасынан Керулен жағалап көшкен алтын тоғанакты керуендерімен мәңгі сапарын бастады... Қош, басын мұнар шалған «Белгілі биік Көксенгір!» Қаза қайырлы болсын, Қазақия!

Светқали НҰРЖАН
(Айт-Ман)

«Айқын-Литер» ЖШС ұжымы көрнекті қаламгер, Қазақстанның Халық жазушысы

Мұхтар
МАҒАУИННІҢ
өмірден өтуіне байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ОЙТОҒЫС

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ



Медғат ӨМІРӘЛИЕВ,
актер, Н.Жантөрин атындағы
музыкалық драма
театрының көркемдік жетекшісі:

Театр – ірі мәдениет ошақтарының бірі болса, кино – ұлт болмысын айшықтап көрсететін өнер. Екеуі бір арнада біте қайнасып жатыр. Екі өнердің де ескегін есіп жүрген талант көп. Кейіпкеріміз Медғат Өмірәлиев – жұртшылыққа «Тар заман» фильміндегі Әлихан бейнесімен танылған актер. Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының көркемдік жетекшісі әрі кино актерімен сұхбатымыз өнер әлемі жайында өрбіді.

РЕЖИССЕРЛЕР ЕРКІНДІКТІ ЖАҚСЫ КӨРЕДІ

– Медғат аға, өнердегі алғашқы қадамыңыз театрдан басталды. Алматы облысында туып, жоғары білімді де осы қалада алғаннан кейін ат басын Маңғыстауға бұрудағы себеп не?

– Иә, туған қалам мен қызмет етіп жүрген қалам бір басқа. Екеуі еліміздің екі шеті. Еліміздің батыс аймағына бетбұруымның себебін сұрасаңыз, айтайын. 2003 жылы оқуды аяқтамай тұрып, бізге Еңбек сіңірген қайраткер, Маңғыстаудың құрметті азаматы, театр режиссері Нұрғияз Мұханов пен көркемдік жетекшісі Гүлсина Бакытжанқызы біз оқып жүрген оқу орнына келіп, Рахиям Машурова мен Әубәкір Рахимовтың курсындағы екі топты қосып, бізді Ақтауға жұмысқа шақырды. Оқып жүрген кезде «Хабар» телеарнасына

дубляжға жаңадан жұмысқа кірістік. Әрі сол уақыттың өзінде Алматы қаласындағы біраз театрдан ұсыныс түсті. Ғ.Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрына шақырды. Бірақ бүкіл курс киелі Маңғыстауға кететіндерін көріп, біз де көштен қалғымыз келмей, не болса да көшпен бірге жүріп көрейік деп шешім қабылдадық. 4 жыл бірге оқыдық, бір-бірімізге бауыр бастық. Содан бері Маңғыстаудағы Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының қабырғасында жүрміз.

– Иә, осы театрдың басшысы әрі бас режиссері болған Гүлсина Мирғалиева бір жылдай бұрын Астанадағы Қ.Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрына көркемдік жетекші қызметіне шақырылып еді...

– Қазір театрымызда нақты белгіленген режиссер жоқ. Өйткені өзіңіз білетіндей, бас режиссеріміз, бұрынғы басшымыз Гүлсина Бакытжанқызы Қалле-

ки театрының көркемдік жетекшісі қызметіне ауысты. Біз қазір режиссер іздестірудеміз. Келетін режиссерлер жоқ емес. Бірақ сол келгендердің барлығының бірден сұрайтыны пәтер, басқа да әлеуметтік жағдайды жақсартуға арналған дүниелер. Бүгінде облыс басшылықтарымен театр ұжымына керекті пәтер сұрап, кадр толтыру мәселелерімен айналысып жатырмыз. Егер облыс басшысынан осы сұранысымызға жақсы жауап алып жатсақ, театрымызға белгілі бір бекітілген режиссер келеді деген ойдамыз. Ал қазір біз режиссерлерді сырттан шақыруға мәжбүрміз.

Көп режиссер бір театрға байланысы келмейді. Оны мойындау керек. Өзі қалаған театрға барып, қойылым сахналағысы келетіндей еркін жүргенді қалайды. Шынында, бүгінде режиссерлердің басым бөлігі осындай талапты ұстанып жүр. Осыған байланысты біз көбіне көп басқа мемлекеттен келетін режиссерлермен тығыз жұмыс істеп жатырмыз. Мәселен, Ресейден келген саха елінің режиссері, «золотая маска» иегері Сергей Потапов қойған «Бернарда Альбаның үйі» спектаклі мен Әбіш Кекілбайұлының «Шыңырау» қойылымы әлі күнге дейін көрермен сұранысына ие болып отыр. Талғат Теменовтің Шыңғыс Аймақовтың «Жәмилә» повесі желісімен қойған спектаклі бүгінге дейін репертуарда тұр. Әр сахналануында көрермен ағылып келіп жатады. Одан бөлек, Фархад Молдағалидың бізге қойған «Менің атым Қожа» қойылымына көрерменнің сұранысы артқанын жасыру мүмкін емес. Режиссер Мұрат Ахмановтың «Бір түп алма ағашы», Гүлсина Мирғалиеваның

режиссерлігімен шыққан «Әлихан аманаты» спектаклінің билеттері онлайн сатылымда-ақ тез өтіп жатыр.

ӘРТИСТЕРГЕ ҚОСЫМША ТАБЫС КЕРЕК

– «Режиссерді іздеп жатырмыз» дейсіз. Ал актерлер жағы қалай? Кадр тапшылығы байқала ма?

– Оқу орнында жүргенімізде ұстаздарымыздың айтатыны: «Өнер жолы – ауыр жол. Елден озбайсың, елден қалмайсың, елмен қатар жүресің. Бұл – абырой мен қошеметке, елдің ықыласына бөленетін мамандық». Бүгін біз де жастарға осыны айтып жүрміз. Қазір театрымыз-

тіпті оны табыс көзіне де айналдыра алады. Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының әртістері де театр шеңберінде ғана емес, кино, жарнамада да танымалдыққа қол жеткізіп келеді. Бір жағынан бұл бүгінгі күннің басты талабына айналып кеткен. Мұнымен театрда берілетін жалақы мардымсыз демеймін. Киноға бет бұрғысы келетіндердің бетін қаққым келмейді.

Бұрын осы театрда актер болып жүргенімде бұрынғы басшылар қандай жобаға шақырту алсам, қуана келісім беретін. Қазір де біздің театр әртістеріне киноға түсуге ұсыныс түсіп жатса, жолын байламай, жіберуге тырысамыз. Егер театр актерлері кинода, жақсы жобада бой көр-

РЕЖИССЕРДІ ШАҚЫРУҒА

да 45 актер бар. Бұлардың ішінде 6-7-еуі осы театрдың іргетасын қалағандар. Басым көпшілігі – жас буын. Маңғыстаудағы театрдың жетістігіне, актерлердің шеберлігіне бұрыннан қызығып жиі келеді. Бұл құбылыс жұмыс процесінің тоқтаусыз ілгері жүріп отыратынына тікелей әсер етеді. Біздің театрда болашағын көріп келген жастардың кеудесінен итермей, құшақ жая қарсы аламыз.

Бүгінгі күні әлеуметтік желіде бір-ақ сәтте жұлдыз болудың мүмкіндігі көп қой. Кейбіреулер

сетіп жатса, бұл театрға жаңа көрермен тартады. Солар ойналған спектакльді іздеп келетін көрермен көбейеді.

– Кино актерінің жауапкершілігі бір бөлек, театрдың көркемдік жетекшілігінің салмағы өз алдына. Сізге батпандай ауыр салмақ салатыны қайсысы?

– Кино әлемінің де өзіндік ауыр салмағы бар, бұл жердегі ең маңыздысы – жауапкершілік. Көгілдір экранды дүйім жұрт көретіндіктен салмағы ауыр. Әсіресе, өмірде болған кейіпкерлерді сомдау қиынға соғады.



ҚЫСҚА-НҰСҚА:

- Күнделік не қойын дәптеріңіз бар ма?
- Жоқ.
- «Заманауи спектакль» қандай болуы керек?
- Заман өзгергенмен, мәселе өзгермейді.
- Ұстанатын қағидаңыз қандай?
- Еңбек ету!
- Рөлге дайындық кезіндегі ритуалыңызды айтсаңыз...
- Сахна алдындағы тыныштық, артикуляциялық жаттығулар, психикалық тыныштық.
- Театрды айқындайтын үш сөз айтыңызшы...
- Өнер, Даму, Тәртіп.

ОЙТОҒЫС

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Өйткені көзі көрген адамдар, олармен жете таныс дос-жарандары кейіпкердің мінезі мен жүріс-тұрысын, сөз саптауын сізден көруі керек. Сондықтан менің кино әлемінің жауапкершілігі мол деп отырғаным. Бұл әрбір актердің бойынан табылуы керек қабілет. Ал театрда көркемдік жетекші қызметінің салмағы киноға қарғанда ауыр. Өйткені театр – тірі өнер, бұл өнердің бүкіл әлемін жасайсыз. Әрбір әртістің сахнада өзін ұстауы, сөйлеу мақамы, бір цехтерге деген жауапкершілік тағысын тағы көркемдік жетекшісінің мойнында тұрған міндет. Театрды көштен қалдырмай репертуарын, көрермен сүйсіне қарайтын қойылымдармен то-

ғы актерге сын айтылмағаннан қорқу керек деп түсінемін. Егер маған сын айтылмай қалса, «образым көзге түспей қалды-ау, дұрыс ойнай алмай қалдым» дегендей көзқарас қалыптасады.

ӘЛИХАН АЯҒЫМНАН
ТІК ТҰРҒЫЗДЫ

– Белгілі театр және кино сыншысы Әшірбек Сығайдың «Ғылыми лабораториялардағы кез келген тәжірибелердің жүзеге аса бермейтіні секілді, әртістердің де кез келген жұмысы төрт аяғынан тік тұрып кете бермейді» деген сөзі бар. Сізді аяғыңызға тік тұрғызған қай рөліңіз? Кино ма, театр ма?

– Бакытыма орай театрда да, кинода да Әлихан Бөкейханның

Тарихи тұлғаларды сомдау өте қиынға соқты. Шыншыл өнер тек шындықты көрсетуді мақсат етіп тұрады емес пе? Кітап бетінен оқыған адамға ойындағы кейіпкерді көрсете аламын ба деген үрей туады. Бар жігерімді салып алып шыққан рөлім оларға ұнамаса ше? Бірақ менің образымды өзіне жақын қабылдаған көрермен пікірінен кейін арқамнан ауыр жүк түскендей сезім кештім. Оның ішінде көпке таныс «Тар заманда» Әлихан Бөкейханды сомдаған кезде, көрермен біле бермейтін қулықтардың біріне бардым. Сталинмен кездесетін сахнасында айтар сөзімді қазақша жаттап, дайындықпен барып едім. Алайда дәл сол жерінде қазақша мәтінді орысшаға аударып, орыс тілінде сөйлеуімізді айтты. Уақыт болса өтіп жатыр, үлгеру үшін қулыққа көштім. Орысша мәтінді қағазға жазып, жан-жаққа іліп, кадр сыртында жүр-

СЫРТТАН
МӘЖБҮРМІЗ

лықтырып отыру да тікелей көркемдік жетекшіге байланысты. Бірақ кино мен театрды екіге жарып қарастыруға болмайды. Өнерде екеуі егіз ұғым.

– Белгілі актер Бекжан Тұрыс ағамыз да бір сұхбатында «Қазіргі актерлер мақтауға үйренгені соншалық, сын көтере алмайтын дәрежеге жетті» деп айтқаны бар. Өзіңіз сынды қалай қабылдайсыз?

– Әрине, сөзіне толықтай қосыламын. Біздің буын мен қазіргі буын немесе оқуын енді аяқтайтын буынның көзқарасы, өнерді бағалауы әртүрлі. Сын айтсаң расында, көңіліне алып қалады, ренжиді немесе ашылмай қалатын тұстары да кездеседі. Өзім сынға келгенде сынбайтын адаммын, ұстанымым – осы. Өйткені өнердегі сын өсіреді. 4 жылдық оқуымызда ұстазымыз Әубәкір Рахимов осыны құлағымызға құйып өтті. Бар айтары – «сынсыз актер түзелмейді, біріншіден, сынды дұрыс қабылдау керек». Сын арқылы өзіңді түзейсің, қамшылайсың. Сахнада-

рөлі мені халық арасында танымал етті. Яғни, Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрының сахнасында Нартай Сауданбекұлының «Әлиханның аманаты» деген спектакльде Әлихан рөлін сомдаған едім. Бұл рөл мені кино әлемінен көрінуіме жолдама берді. Осы спектакльден кейін киноға түсуге шақыру түсті. Осылайша, кинода алғаш Әлихан Бөкейханды сомдадым. Сұрағыңыздан кейін ойыма бірден оралғаны – мені театрда да, кинода да актер ретінде аяғыма тік тұрғызған Әлихан рөлімді ойнағаным.

– Қорқыт, Жәңгір хан, Әлихан. Осындай жекелеген тұлғалар туралы рөлді, сүйікті образдарды сомдау, фильмдегі қадау-қадау рөлдерді алып шығу көп актерге бұйыра бермейді. Көрермен ірі тұлғаларды сіздің образыңыз арқылы танытын кезде қандай жауапкершілік аласыз?

– Кино саласында сомдаған рөлдерімнің көбі, өзіңіз айтпақшы, тарихи тұлғалар бейнесі.

гендерге ұстатып, айтып шыққан едім. Бұл сахнаның сәтті шыққанынан көп көрермен мұны байқамайды. Айтайын дегенім, актерге шешім қабылдау мен ұтқырлық қай жерде де керек.

– Комедия жанрынан да таса қалмайтын шығарсыз? Мұндай жанрда сізді сирек көреміз...

– Мүмкін. Бірақ кинода болмаса да, Н.Жантөрин атындағы музыкалық драма театрында комедияны жиірек сомдаймын, комедияны өзім ойнағым келеді. Өйткені комедияға жаным жақын, комедияны жақсы көремін. Шынымен-ақ комедия жанрындағы киноға түсіп көрмеппін. Алдағы уақытта комедия жанрындағы жобаларға шақырса екен деген ой бар. Мүмкін болашақта комедиялық кинода да бой көрсетемін деген ойдамын.

Қазір киноға түсуге 1-2 ұсыныс келді. Әлі нақтыланбағандықтан ойнайтын рөлім мынау деп айта алмаймын.

ТӘРТІП БАРДА КЕМШІЛІК
БОЛМАЙДЫ

– Талант та – сарқылтатын дүние. Ол сарқылмас үшін көп еңбек ету керек. Образ жасау үшін ойлылық, актерліктің қырсырын жетік менгеру талап етіледі. Актер ғылымға жақын бола ма? Осы тұста тәлімін берген ұстаздарыңыз туралы да сыр шертсеңіз.

– Ешқандай ізденіс жасамай, кітап оқымай, шетел театрларын барып көріп тұрмасаң талант сарқылады. Ол үшін көп іздену керек, көп оқу керек. Жоғары 4 жылдық оқуда тәлімін берген Әубәкір Рахимов инсценировка жасауды үйретті. Бұл театрда ең керек нәрсе. Расымен, өнер адамдарының көбі, көбі емес

4 жылдық оқуымызда ұстазымыз Әубәкір Рахимов осыны құлағымызға құйып өтті. Бар айтары – «сынсыз актер түзелмейді, біріншіден, сынды дұрыс қабылдау керек». Сын арқылы өзіңді түзейсің, қамшылайсың. Сахнадағы актерге сын айтылмағаннан қорқу керек деп түсінемін.

бәрі ғылымға жақын білімпаздар. Осы ұстазымыздың оқымаған кітабы жоқ шығар. Әлі есімде, бірде тобымыздағы студенттер бірігіп, ағайымыз оқымаған кітапты өзіміз оқып келіп соның мазмұнын сұраймыз деп шештік. Сонда 4 жылдың ішінде әрқайсысымыз неше түрлі кітап оқып, әр кітаптан сұрақ қойсақ, ұстазымыз еш жерден сүрінген жоқ, барлығына мүдірмей жауап береді. Ағайымыздың оқымаған кітабы жоқ, оны сырттай «ходячий энциклопедия» деп атап кеттік. Одан кейін театрда болатын қойылымның көбі бір шығарма желісімен түсіріледі. Ол сахналанғанша актерлік құрамның бәрі сол туындымен танысып шығуы керек. Яғни, қай кезде де актердің қолында кітап жүреді. Білімге, оқуға жақын болуы бір жағынан мамандықтың талабы шығар.

– Қазіргі театрда қойылымның сапалы болуы көркемдік жетекшінің жұмысына тікелей қа-

тысты. Бірі көңілден шықса, бірі сын көтермейді. Сіздің қойылым кезінде актерлерге қоятын талаптарыңыз қандай?

– Театрда қойылатын репертуардың, спектакльдердің бәрі көркемдік жетекшіге байланысты екені белгілі. Сынға ұшырамау үшін актер барын салу керек, ойындағысының бәрі физикалық қозғалысы арқылы көрінеді. Менің актерларға қоятын ең бірінші талабым – дикция, шыққан әрбір сөзі көрерменге жетуі керек және актер сыр-сымбатына ерекше мән беруі керек. Олардан сахнада сомдайтын образына шынайылықты талап етемін. Ол үшін тәртіп бірінші орында. Тәптіппен жасалған дүние кез келген кемшіліктердің азаюына ықпал етеді.

– Театр деген ғажап өнердің ішінде жүргеніңізге біраз болды. Сіздің түсінігіңізде өнерге адалдық деген не? Түйгеніңіз не?

– Театр – ғажап ұғым, бұл сұрақтың жауабы өзінде тұр. Ғажап маман, ғажап кәсіп. Өнер, сахна арқылы ақын-жазушылардың ұрпаққа мұра етіп қалдырған шығармасын сахна арқылы өскелең ұрпаққа жеткізесің. Сондықтан киелі сахнада бір мамандыққа байланбайсың, бұл жер кез келген мамандықтың ұстанымын, кейін көрсетеді, адамның ішкі эмоциялық толғаныстарын шығарады, қоғамның айнасы бола алады. Егер көрермен қойылымнан өзіне керекін ала алса, күткенін көрсе – театрдың жетістігі. Бұл жолда бір кісінің «шаңы» шықпайды, ауызбіршілікті талап ететін өнер түрі болғандықтан, сіз «мен» түсінігін ұмытуыңыз керек. Міне, өнерге деген адалдық.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

ӨНЕГЕ

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Кимешек бүгінге қазақ халқының ұлттық бас киімі есебінде ғана жетті. Алайда оның тарихы терең, бағзыда кимешек әсемдік пен мәдениеттің үлгісі ғана емес, көшпелі халықтың әлеуметтік және философиялық астарға толы элементі болған. Еліміздің әр өңірінің табиғатына, салт-дәстүріне қатысты, сондай-ақ үш жүздің өзіне ғана тән кимешектері болған. Ұлттық қолөнерді зерттеуші Тілек Сұлтаннның қорында қазақтың әр руының бірнеше кимешегі бар. Ол көне, стилі ерекше кимешек көрсек, коллекциясына қосып, түпнұсқаға ұқсатып кестелейді екен. Бүгінге дейін 30 кимешектің түпнұсқасын жинақтап алған.

«Қазақтың этнографиялық киімдерін қалпына келтіріп, қайта жаңғыртумен айналысамын. Көбіне біз кесте техникасымен жұмыс істеймін, негізгі тақырыбым — ұлттық киімдер. Қазақтың XVIII—XIX ғасырда киген байырғы этнографиялық киімдеріне ерекше қызығамын. Ал кимешек жинауға және тігуге ықыласым сағыныштан туды десем болады. Әжемнің қолында өскен баламын. Бала



ЖАҚЫНДА ҰЛТТЫҚ
МУЗЕЙДЕ ҚОЛӨНЕРШІЛЕР ОДАҒЫНЫҢ
МҮШЕСІ, ЭТНОДИЗАЙНЕР ТІЛЕК СҰЛТАННЫҢ «КИЕЛІ
КИМЕШЕК» КӨРМЕСІ ӨТТІ. ОНДА ҚОЛӨНЕРШІНІҢ ӨЗІ ТІККЕН
ЖӘНЕ ЖИНАҚТАҒАН ТҮПНҰСҚА 30 КИМЕШЕГІ КӨПШІЛІК
НАЗАРЫНА ҰСЫНЫЛДЫ.

А Айдана
НҮРМҰХАН

ша көңіл бөлген. Әсіресе, қыз ғұмырының әр кезеңіне тиесілі үкілі тақиядан бастап, сәукеле, кимешек сынды бас киімдер мен оны әшекейлеп тігудің маңызы зор болған. Қолөнершілер киелі бас киімдерді безендіру ісінде кестелі өнерден кенде болмаған, алтын-күміс, жауһар-маржандармен көмкерілген кимешектердің құны бірнеше жылқының құнына татитын.

«Қазақ әйелдері тұңғышын босанғаннан кейін кимешек кие бастаған. Кимешекке қарап-ақ қай елдің анасы екенін, оның жас

ҚИМЕШЕК КИГЕН ҚАНДАЙ-ДЫ!

күндік ораған», — дейді Тілек Сұлтан.

Көрмеде еліміздің әр руының кимешектері көпшілік назарына ұсынылды. Шебердің айтуынша, кимешектің әр руда өзіндік ерекшелігінің болуы — бөлініс емес, керісінше, этнографиялық мұрамызды байытуға ықпал еткен. Мәселен, Жетісу өңірін мекен еткен рулардың кимешек жағындағы ою-өрнектері гүл, өсімдікті болып келсе, орта жүз руларының кимешектері қошқар мүйіз, арқар мүйіз сияқты өрнектермен безендірілген. Оның үстіне, көшпелі қазақ халқының этнографиялық киім-кешегі оның құжаты іспеттес болған. Ерлердің тымағына, белбеуіне қарап, ал әйелдің кимешегіне қарап оның қай рудан екенін айқындай алған. Бағзы қолөнершілеріміз кимешекті зер кесте, жібекпен оқалап кестелеу, баспа кесте, кейіннен XIX ғасырда айқыш кестелеу сынды түрлі техникамен әрлейтін болған. Айқыш техникасының қиындығы соншалық, бөз матаның әр үш көзін санап отырып кестелеген, майдалығы

халық үшін күндік тұрмысқа қолайлы болған. Мәселен, көш барысында оқыстан біреу жарақат алса, жарасын таңатын байлау ретінде, яки ай-күні жетіп қалған әйел босанып қалса — жөргек, тіптен ажалы жетіп, біреу жазатайым дүние салғанда осы күндікті кебін есебінде іске жаратқан. Күндікті орау формасының да әр өңірде, әр руда ерекшелігі болған, өкінішке қарай, бұл этнографиялық жәдігердің бәрі бірден бүгінге жете қоймады. Біз тек екі-үш түрін ғана қалпына келтіріп, халыққа насихаттап жүрміз, соның бірі — Әулие ата өңіріне тән дулаттардың күндігі. Архивтерде шетелдік фотографтардың қазақ даласына таспалаған суреттері бар. Соның бірінен ат үстінде отырған кимешекті әжейдің суретін байқап қалғанбыз, сипатында — «Әулие ата уезі» делінген екен. Осында ескі суреттерді зерттей жүріп, дулаттардың күндігін қайта қалпына келтірген жайымыз бар. Албан руының кимешектерінің төбелділігіне дейін маржандап, түрлі тастармен көмкерілетін болған. Бұл руға тән кимешек түрлері әртүрлі бейне таспаланып, ол мұрағаттар бізге дейін жеткен. Сол нұсқаларға қарап, біз көшірмесін тігіп, насихаттап

үстінен киетін болған. Ал кіші жүз руларында кимешекті көбіне жаулық деп атаған. Менің жинағымда бұл жүзге тән екі түрлі кимешек бар — сұлама (сәукелеге ұқсас келген) және адайдың жаулығы. Айта берсең, әр рудың өзіне тән осындай ерекшеліктері көп», — дейді этнодизайнер.

Безендіруінен бөлек, кимешектің пішілу формасынан-ақ оның қай руға тән екенін айқындауға болады. Сондай-ақ кимешектің жас кестелері, сырулар, таңдай кестесінің саны сияқты майда детальдарына қарап әйелдің шыққан тегі, қоғамдық статусы, әлеуметтік жағдайы жайлы ақпарат алып отырған. Мысалы, кимешекте қос сыру болса — тұрмыста, жалаң сыру болса — жесір әйел дегенді білдірген. Қолөнершінің айтуынша, өкінішке қарай, осыншалық мән-мағынаға ие жәдігеріміз бүгінгі ұрпаққа барлық сән-салтанатымен жете алған жоқ.

«Бізге дейін көп кимешектің үлгісі жеткен жоқ, өте кеш кимылдадық. 60-70-жылдары кимешек тақырыбын қолға алып, деректі дүние жасап, сол уақыттағы әжелердің айтқанын таспалап, альбом-кітап қылып қалдырған болса, қазіргі зерттеушілер мұншалық қиындық көрмес едік. Токсаныншы жылдары кимешек киген әжелердің соңғы буыны дүниеден өтіп кетті. Бұдан кейін жана буын, жана ұрпақ келді де, кимешектерді шын мәнінде жоғалтып алдық. Қазір кимешектің қалыбын бұзбай сақтап киіп жүрген көбіне Қытай, Моңғолия жеріндегі қазақтар. Ал еліміздің ұлан байтақ жеріндегі әр руға тән алуантүрлі кимешек үлгілерін қайта жаңғырту өте күрделі еңбек. Мұрағаттардағы тарихи суреттерге зер салсақ, кимешектер мен күндіктердің сән-салтанатына таңырқайсың. Бүгінде солардың үлгілері түгілі, кимешек жайын білетін адам таба алмайсың. Көне суреттерге қарап, кимешектерді соларға ұқсатып жаңғыртып қана амалдап жүрміз», — дейді зерттеуші.

Көрмеде халықаралық ЮНЕСКО сапа белгісінің иегері, этнодизайнер Тілек Сұлтаннның шеберлігінен туған ұлттық киімдер дефилесі өтті, оны этнодизайнердің анасы Жібек Әділханқызы бастап шықты. Қолөнерші жиналған қауымға кимешек киюдің философиялық астарын актара отырып, оны тағу мен шылауыш ораудың үлгілерін де көрсетті.



мөлшерін, тұрмыс-жайын, тіпті жүріс-тұрысына дейін анық ажыратып отырған. Мәселен, жас кестесі түрлі-түсті жіппен оюланған, моншақ-күміспен сәнделген кимешекті көбіне жас келіндер киген. Балалары есейіп, келін түсірген аналарымыз кимешектерінің жас кестесіне сары түсті зер қосқан, қазақ шығармаларында 40-50 жастан асқан әйелдерді «сары жақ» деп сипаттайтыны осыдан. Жесір әйел кимешектің жағын сәндемей, тек сырып тігетін, «ақ жақ» болған. Сондай-ақ дін ықпалды өңірлерде кимешектің кестесі «жұтандау» келеді, молдалар әсіре безендіруге, көз тартатын әшекей-бұйымдарға тиым салған. Мұндай өңірлерде кимешекті бірыңғай ақ матадан тігіп, жақтың айналасына бір жолақты иекше таспа тартқан, бұлар иекшенің түсімен ғана ерекшеленген. Қазақтың данышпандығы сонда әр жастың өзіне тән стилі бар және сұрамай-ақ жағдайын біліп отырған. Сондықтан аналарымыз ақ кимешегін кір шалдырмай қадірлеген. Үй шаруасында жүрген кезде негізі кимешектің өзін ғана киіп, үстінен кішігірім орамалдар тартқан. Ал енді салтанаттарда сәндік үшін

күнімізден әжем киетін кимешектің түр-сипатын көріп өстік. 8-9 жасында ол кісі дүние салды, содан бері жүрегінде кимешек киген әжеге деген сағынышым қалып қойды. Кимешектегі шешей көрсем көзіме оттай басылатын. Әжемнің ақ кимешегін шешеміз бертіңге дейін сақтады, кейін киім тігумен айналысып жүрген уақытта өзіме берді. Бұл уақытта ішіне картон салып тігетін сапасыз және этнографиялық мәнін жоғалтқан кимешектер қара базарда сатылатын еді әрі оны Наурыз сынды қазақы мерекелерде ғана елеп-ескеріп жататынбыз. Бір жағы қазақтың киелі бас киімінің мұндай сапасыз күйге түскеніне қарным ашқаннан, енді бір жағы, ақ кимешекке деген сағынышым оның астарлы тарихын қайта зерттеуге, жаңғыртуға жетеледі», — дейді колөнерші.

Шын мәнінде, қазақ этнографиясы өте бай, киім тігу, кестелеу һәм зерделеу ісіне айрық-



Қазақ әйелдері тұңғышын босанғаннан кейін кимешек кие бастаған. Кимешекке қарап-ақ қай елдің анасы екенін, оның жас мөлшерін, тұрмыс-жайын, тіпті жүріс-тұрысына дейін анық ажыратып отырған.



сондай, көздің нұрын жейтін еңбек. Сөйтсе де, ең аяулы, нәзік кестелерді кимешектің жағына салатын болған.

«Тіптен, ұлы жүз руларының кимешектерінің өзі формасы жағынан бір-біріне ұқсас болғанымен, үстінен орайтын күндіктері әртүрлі болған. Күндіктің өлшемі 7-8 метрден бастап кей өңірде тіптен 40 метрге дейін созылатын бөз матадан оралатын болған. Әйтсе де, оның ортақ өлшемі — 26 метр, өйткені әйел адамның кебіні осы өлшемге сай келеді. Көшпелі

жүрміз. Орта жүз руларында кимешек және сыртқы орамасы — шылауыш болады, кей өңірде оны «зер жаулық» деп те атайды. Бұл ұғым орта жүздегі керей, найман, арғын, уақ сынды руларға тән. Орта жүздің қоңырат сынды кей рулары ұлы жүз тайпаларына жақын өмір сүргендіктен, кимешек үлгісі де ұқсас болған. Орта жүз рулары шылауыш орайтын болғандықтан, кимешектің төбесі қарапайым тігілген, өйткені бұл өңірде төбелдіктің шашағына моншақ тігіп, оны шылауыштың

САПАЛЫ СПОРТ МАМАНДАРЫ ТАПШЫ

Спортшының бабы мен бағы артында бапкерден бастап, менеджер мен дәрігерге дейінгі бірталай маманның маңдай тері жататыны белгілі. Демек, оларды дайындайтын арнаулы спорт орталықтарының жай-күйі, техникалық жарақтандырылуы, тиісті кадрлармен қамтылуы секілді мәселелер саланың өркен жаюында аса маңызды. Осы тұста біз бүгінде еліміздегі спорт мамандарын даярлайтын орталықтардың ахуалын сұрастырып көрген едік.



Данияр ҚАСҚАРАУОВ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:

СПОРТШЫЛАР ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ЖАҒЫНАН ДА ШЫҢДАЛУҒА ТИІС

Мен өзім спорт колледжінде білім алдым. Ол жерде спортқа ерекше көңіл бөлінді. Бірнеше жыл бойы бізге салмақ қуалау, дұрыс демалу, психологиялық сынбау секілді маңызды әдістерді үйретті. Алайда бұл оқыту жүйесі шетелдегідей заманауи технологиялар мен толыққанды әдістемелерге негізделмеген еді. Қазір спорт мамандарын даярлайтын мектептер мен орталықтардың жағдайы қалыптасу кезеңінде деп айтуға болады. Кеңес дәуірінде спорт мамандары үшін жоғары сапалы оқулықтар мен нұсқаулықтар жасалып, сол кездегі білгір спортшылар ғылыми кітаптар деңгейіндегі құнды әдістемелер қалдырған болатын. Өкінішке қарай, бүгінде мұндай ресурстардың көпшілігі қолжетімсіз, ал шетелмен салыстырғанда маман даярлау ісінде біршама артта қалып отырмыз.

Өзімнің он жылдық спорттық тәжірибемде шетелдердің тәжірибелік және теориялық әдістерін көріп, таңғалатынымын. Бұл әдістер сол елдердің жүйелі әрі жоғары деңгейде ұйымдастырылған жүйесінің жемісі еді. Біздің елімізде де көптеген бапкер мен жаттықтырушы бар, бірақ олардың білімін толыққанды іске асыру жағы ақсап тұр. Әсіресе, ауылдық орталықтардан бастап республикалық деңгейдегі мамандарды даярлау орындарында білім беру сапасын арттыруға бағытталған семинарлар мен форумдарды көбейту қажет.

Қазіргі заман — ғылым мен білімнің заманы. Сондықтан спортшыларымыз тек физикалық тұрғыда емес, интеллектуалдық жағынан да шыңдалуға тиіс. Спорттық интеллект жоғары деңгейде болуы қажет деп санаймын. Егер біз осы принциптерді негізге алсақ, елімізге қажетті кәсіби мамандарды даярлай аламыз. Бұл — қазақ спортының болашағын айқындайтын маңызды кадам.

Амалбек ТШАНОВ,
қоғам қайраткері:

МАРДЫМСЫЗ ЖАЛАҚЫ МОТИВАЦИЯ БЕРМЕЙДІ

Менің пайымдауымша, спорт мамандарын даярлайтын орталықтардың болашағы тікелей мемлекеттің қолдауына байланысты. Егер мемлекет бұл орталықтарға қажетті деңгейде қаржы бөлмесе, жер телімдерін қарастырмаса және инфрақұрылымды жаңартуға жағдай жасамаса, олардың қызметі



құлдырауы мүмкін. Мұндай қолдаудың болмауы бірнеше нақты мәселелерді туындататын анық.

Бірінші мәселе, орталықтардың материалдық-техникалық базасы ескіріп, заманауи жабдықтар мен технологиялардың жетіспеушілігінде жатыр. Бұл спорт мамандарын даярлау сапасының төмендеуіне әкеледі. Екінші мәселе — қаржылық қиындықтарға байланысты кәсіби оқытушылар мен жаттықтырушылар жалақысының аздығы. Бұл олардың шетелге жаппай кетуіне әсер етеді. Сонында мұндай орталықтар қажетті кеңістіктер мен инфрақұрылымға ие болмаса, жас спортшыларды даярлау үдерісі шектеліп, спорт түрлерін дамыту тежеледі.

Тағы бір айта кететін тұсы, мемлекет бұл орталықтарға ерекше көңіл бөліп, тұрақты қаржыландыру жүйесін қамтамасыз етуге тиіс. Мемлекеттің мұндай қолдауы ел спортының сапалы дамуына және халықаралық аренадағы беделін арттыруға негіз болар еді.

Қыдырбек РЫСБЕК,
журналист:

СПОРТ ОРТАЛЫҚТАРЫНА ЗЕРТХАНАЛАР ҚАЖЕТ

Қазір спорт мамандарын дайындайтын орталықтардың ахуалы қиын дер едім. Еліміздегі бапкерлердің 90 пайызы оқу-жаттығу жоспарларын құрастыруда білімі мен тәжірибесі жеткіліксіз көрінеді. Бұл мамандардың кәсіби деңгейінің төмендеуіне және олардың халықаралық стандарттарға сай болмауына әкеледі. Қазір нақты білікті мамандар даярлайтын жүйелі жұмыс істейтін мекеме жоқ деп айтуға негіз бар. Кеңес заманында бапкерлердің жұмысы жүйелі жолға қойылған еді. Сол кезеңде мамандарды ағзаның физиологиясы мен анатомиясын терең зерттеуге мүмкіндік беретін зертханаларға апарып, тәжірибелік сабақтар арқылы олардың білімін жетілдіретін. Ал бүгінде мұндай толыққанды зертханалары бар оқу орталықтары мүлде жетіспейді.

Әрбір оқу орны өз бағдарламаларын әзірлеуде бірізділікке сүйенсе, міне, нағыз жүйе деп соны айтады. Оның көмегімен мамандардың дайындық сапасы өте жоғары нәтижені көрсететін еді. Басқа да айтылмай жатқан мамандардың заманауи оқуға бейімдеу, халықаралық ынтымақтастық сынды мәселелердің барлығы осы жүйеге келіп тіреледі.

Егер бұл мәселелер уақытылы шешілмесе, спорт саласындағы мамандардың тапшылығы мен олардың кәсіби деңгейінің төмендеуі ел спортының дамуына үлкен қауіп төндіретін сөзсіз. Жүйелі түрде қаражат бөлу, инновациялық шешімдерді енгізу және салаға жан-жақты қолдау көрсету еліміздің спорттық жетістіктерін қамтамасыз етудің басты кепілі болмақ.

Әсет ҚАЛИ

ПУТИНЦЕВА ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

Финалдың жолдамасын отандасымыз америкалық Джессика Пегуламен сарапқа салады.



Аделаида қаласында (Аустралия) өтіп жатқан WTA 500 турнирінде Юлия Путинцева әлемнің ең үздік теннисшілерінің бірін жеңіп, жартылай финалға шықты.

Атап айтқанда, қазақстандық теннисші әлемнің 13-ракеткасы — ресейлік Диана Шнайдермен кездесіп, үш сетте 7:6, 6:7, 6:4 есебімен жеңіске жетті. Матч 3 сағат 14 минутқа созылды. Қазір Путинцева WTA рейтингінде 25-орында, осы жеңісінің арқасында келесі аптада өз мансабында алғаш рет 23-орынға көтеріледі.

Жерлесіміз финал жолдамасын әлемнің жетінші ракеткасы америкалық Джессика Пегуламен сарапқа салады. Тағы бір жартылай финалда американдық Мэдисон Киз (№20) бен ресейлік Людмила Самсонова (№26) кездеседі.

Аделаидадағы турнир 2020 жылдан бері өткізіліп келеді, жұлде қоры — 1,06 млн доллар (чемпион 164 мың доллар алады). Жарыстың алғашқы жеңімпазы аустралиялық Эшли Барти болды, ал былтыр латвиялық Елена Остапенко жеңіске жеткен еді.

ФРИСТАЙЛДАН ӘЛЕМ КУБОГЫ ӨТЕДІ

28 ақпан мен 2 наурыз аралығында Шымбұлақ тау шаңғысы курортында фристайл – могул және фристайл акробатикадан әлем кубогының кезеңдері өтеді.



Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатына арналған баспасөз мәслихатында «Шымбұлақ» тау шаңғысы курортының директоры Ринат Әбдірахманов бұл жарыстарға жаздан бері дайындық жүріп жатқанын атап өтті.

— Жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты Қазақстанда ғана емес, Орталық Азияда алғаш рет өткізіліп отыр. Әрине, демалыс орны бұл жарыстарға өте мұқият дайындалуға тырысты. Іс-шаралардың жиілігі мен қаңтардағы мерекелерді ескере отырып, операциялық топқа үлкен жауапкершілік артылды. Шипажайды жаппай шаңғы тебуге, сондай-ақ жарысқа арналған жолдарды дайындауға уақыт керек еді. Біз акробатика мен могул жолдарын жаздан бастап дайындадық. Бұл жұмыстарды әріптестеріміз жоғары бағалады. Оған біздің мамандар ғана емес, шетелдік, атап айтқанда Андоррадан кенесшілер де тартылды. Олар бізге ұйым-

дастыру мәселесінде көмектесті, — дейді Ринат Әбдірахманов.

Сонымен қатар ол FIS (Халықаралық шаңғы федерациясы) сарапшылары жарыстың ұйымдастырушылық аспектілеріне жоғары баға бергенін атап өтті.

Айта кетейік, 7 қаңтардан бастап Шымбұлақта фристайлдан әлем чемпионаты өтіп жатыр.

Қазақстан құрамасы фристайл-могулдан жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионатын үш медальмен аяқтады. Оның екеуін Анастасия Городко иеленді. Ол могул бойынша екінші орынды және параллель могулда бірінші орынды жеңіп алды.

Юлия Феклистова мен Денис Раструба аралас командалар арасындағы жарыста күміс медальға ие болды.

Медальдар есебінде Қазақстан екінші орында тұр. Бірінші орында — Жапония (екі алтын және бір қола медаль), ал үшінші орында — Чехия (бір алтын).

МӘДЕНИ МҰРА

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБИ



Тарих қойнауына үңілсек, Қызылордада ел ертеңі, ұлт болашағы үшін күресіп, азаттық жолында аласапыранға түскен тағдырлы тұлғалардың талайының ізі қалғаны байқалады. Соның ішінде қазақтан шыққан тұңғыш инженер, азаттық күрескері, ел ертеңі үшін аянбай еңбек еткен тұлғаның бірі де бірегейі Мұхамеджан Тынышбаевтың күрішті өлкеде тұрмыс кешкенін көпшілік білмес бәлкім.

А Ербақыт
ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

Азаттық танын аңсаған тарихи тұлғаның өлшеусіз еңбегі халық жадынан өшпек емес. Жетісу өңірінен шығып, Алаш қозғалысының негізін қалаушылардың бірі ретінде танылған қайраткердің өз заманында Қазақстан—Сібір темір жолын салудағы еңбегі көпке мәлім.

Негізінен, Мұхамеджан Тынышбайұлының саналы ғұмыры XIX ғасырдың аяғы—XX ғасырдың I жартысындағы буырқанған тарихи оқиғалар аясында өтті. Дейтұрғанмен, ұлы қайраткердің тұлғалық ғұмырнамалық шежіресі әлі күнге дейін толық анықталып, нақты сипатқа ие болды деп айту қиын. Яғни, жаппай хатқа түсіп, жария болған емес. Тек мұрағатта сақталған баспасөз материалдары мен деректері негізінде ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижесінде тың мәліметтер анықтала түсті.

«Мұхамеджан Тынышбаев сияқты дара тұлғаның ғұмырнамалық шежіресін зерттеу арқылы тұтас өңірдің, яғни Жетісудың, Қазақстанның, Орталық Азияның толыққанды тарихи парақтарын жүйелеуге болады. Тұңғыш инженердің өмірдерегін зерделей отырып, қазақ халқының XX

ТҰҢҒЫШ ИНЖЕНЕРДІҢ ҮЙІ

лік, бай-ауқаттылардың мал-мүлкін тәркілеу, ұжымдастыруға қарсы халықтық қарсылық қозғалыстары, толқын-толқын болып жүргізілген саяси қуғын-сүргін мен «Үлкен террор» сияқты тарихи оқиғалармен астасып жатқанын аңғарасыз. Бұл тұрғыда Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архиві қорынан табылған маңызды мәліметтер мен мерзімді баспасөзден табылған тың құжаттар тұлға өмірінің Қызылорда қаласындағы кезеңі туралы, бүгінге дейін беймәлім болып келген Кенестік Қазақстан астанасының құрылысы бойынша жауапкершілікке тартылуы туралы мағлұмат береді. Мұрағаттан тұңғыш инженердің Ресейдегі қос революция мен азаматтық қарсы тұру кезеңін толық саяси қайраткер ретінде қабылдағанын, Қазақстанға билік жүргізген құрылымдардың бәріне ел жағдайын баяндап, хат жолдағаны-

Тұңғыш инженердің Сыр өңіріндегі өмір тарихы сан тарауға толы болған деп айтуға негіз бар. Мұрағат деректеріне сүйенсек, Тынышбаевтың тынымсыз мемлекеттік қызметі аясында 1924 жыл-

ағалығына Аспандияр Кенжин тағайындалыпты. Сол 1925 жылдың 19 маусымында Қызылорда қаласының құрылысына басшылық жасау үшін Халық комиссарлар кеңесі жанынан Құрылыс комитеті құрылады. Комитет төрағасы болып Абылай Серғазиев тағайындалып, оның техникалық жағынан орынбасары қызметіне инженер Мұхамеджан Тынышбаев бекітілген.

Біршама уақыттан кейін құрылыс комитеті мәжілісінде М.Тынышбаевтың ұсынысымен Орталық атқару кеңесі, Халық комиссарлар кеңесі, аупартком сияқты үкіметтік мекемелер құрылысының іргетасын құю туралы қаулы қабылданады. Техникалық комитет төрағасы А.Серғазиевтің 1925



Құжатта көрсетілген мекенжай бойынша арнайы зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Нәтижесінде, құжатта баяндалған бұрынғы Шумиловская көшесі, қазіргі Қазантаев көшесімен тұспа-тұс келеді. Бұрын ол орында ескі әскери комиссариат ғимараты орналасқаны мәлім. Алайда бүгінде аталмыш жерде көне Қызылордадан сақталған бірде-бір ғимарат жоқ. Тұңғыш инженердің үйі де бұзылып кеткен. Әрине, тарихи орынды сақтап қала алмағанымыз өкінішті. Тек қайраткердің тұрғылықты жерін ғана құжат жүзінде дәлелдеуге мүмкіндік алып отырмыз», — дейді музей қызметкері.

Негізінен, М.Тынышбаевтың есептеулерінде, Қызылорда қаласының құрылысы бойынша ғана емес, үкіметтік мекемелердің қалаға көшіп келуіне байланысты национализацияланған ғимараттарды жөндеу жұмыстары да бар. Сөзімізге дәлел ретінде айтар болсақ, 1925 жылдың 12-26 тамыз аралығында Ескараевтың комиссиясы қабылдаған национализацияланған үйлерді жөндеуге қанша қаражат кететінін осы М.Тынышбаев есептеп шығарған. Ал 1925 жылдың күз айларында құрылысты қабылдап алу актілерінен М.Тынышбаев пен А.Будассидің қолын көруге болады.

Жалпы, тарихи тұлға Қызылорда қаласының құрылысына қатысты күрделі әрі жауапты қызметтер атқарғаны жайында сарғайған парақтар сыр ақтарады. Кейіннен, Қызылорда қаласының құрылысындағы кінәраттары үшін инженерлерге түрлі айыптар тағылды. Оның қатарында халық комиссарлар кеңесі жанындағы құрылыс комитетінің бас инженері М.Тынышбаев та болды. Уақыт өте келе, құрылыс сапасыздығы салдарынан ол шартты негізге сотталып, кейіннен ақталады. Бірақ Жетісу қайраткерінің басына үйірілген қара

жылдың 10 тамызындағы қызметтік хатында М.Тынышбаевтың осы жылдың 20 шілдесінен бастап Қызылорда қаласын салу туралы Құрылыс комитеті төрағасының техникалық мәселелер жөніндегі



Тұңғыш инженердің Қызылордадағы тұрғылықты мекенжайы мұрағат құжаттарынан табылып отыр. Онда Тынышбаев сол кезеңде Қызылорда қаласындағы Шумиловская көшесіндегі 20-үйде тұрады деп көрсетілген.

ғасырда басынан кешкен қасіретті оқиғалары — 1916 жылғы көтеріліс, бірінші дүниежүзілік соғыс, азамат соғысы, ашаршылық кезеңі, босқыншылық пен үркінші-

нан көруге болады», — деп түсіндірді бұл жайында Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ғылыми хатшысы Асхат Сайлау.

дың 2-7 сәуір күндері Жетісу облысы жер комиссарлығының уәкілі ретінде жұмыс істеген.

Кейіннен, 1925 жылдың 9 ақпанында Қазақ АССР астанасы Орынбордан Ақмешіт (Қызылорда) қаласына ауыстыру туралы Қазақ орталық атқару комитетінің қаулысы қабылданады. Қаулыны жүзеге асыру Қазақ АССР халық комиссарлар кеңесіне тапсырылған. Соған орай ВКП (б) Қазақ өлкелік комитеті қаулысымен үкімет жанынан Техникалық комиссия құру туралы шешім шығарылған. Техникалық комиссия төр-

орынбасары және Құрылыс комитетінің бас инженері болып тағайындалғаны, оған 350 сом жалақы белгіленгені баяндалады.

Ғылыми хатшының айтуынша, тұңғыш инженердің Қызылордадағы тұрғылықты мекенжайы мұрағат құжаттарынан табылып отыр. Онда Тынышбаев сол кезеңде Қызылорда қаласындағы Шумиловская көшесіндегі 20-үйде тұрады деп көрсетілген.

«Мұрағат құжаттарын зерделеу барысында Тынышбаевтың Сыр өңіріндегі өмір жолдары мен тұрғылықты мекенжайын да таптық.

бұлт «Инженерлер ісімен» толас-тамады. Соның салдарынан 1930 жылы 3 тамыз күні ОГПУ-дің Қазақстандағы тұрақты өкілдігі қаулысына сәйкес қайта тұтқындалады. Бұл жолы Мұхамеджан Тынышбаевқа қылмыстық кодекстің 58-7, 58-11 және 59-3 баптары бойынша іс қозғалады.

Жалпы, тұңғыш инженердің қилы тағдыры жайында тың деректер сарғайған парақтарда көптеп кездеседі. Онда қайраткердің ғұмырының соңғы сәттері көне Қызылордамен тікелей байланысты болғаны баяндалады.

ТАСҚЫН АЛДЫНДАҒЫ АТЫРАУ

Атырауға биыл тағы да тасқын қаупі төніп тұр. Сарапшылар көктемгі тасқынның былтырғыдан да алапат болуы мүмкін екенін айтып жатыр. «Себебі тасқын су былтыр сай-саланың көп бөлігін «толтырып» тастады. Жерге сіңіп кеткен су көлемі аз, биыл енді қар көп түсіп, оған Ресейдің Иректі қоймасынан су жіберуді бастап кеткенін ескерсек, жағдай біз ойлағаннан да қиын болуы мүмкін», – дейді мамандар.

Баян ЖАНҰЗАҚ, Атырау облысы

Ресми ақпаратқа сенсек, қазіргі уақытта Атырау қаласында, Махамбет және Жылыой аудандарында тасқыннан қорғану шаралары жүзеге асырылып жатыр. Белгілі болғанындай, бүгінде Жылыой аудандарында Камыскөлдін жағалауы нығайтылуда. Жем өзенінің арнасы 23 шақырымы және Құрсай каналы 35 шақырымы тереңдетілген. Нысандарға 100-ден астам техника жұмылдырылып отыр.

«Сондай-ақ Махамбет ауылында 4,5 шақырымға созылған жағалау нығайтылып, Махамбет және Сарытоғай ауылдары арасындағы көпір құрылысы аяқталып отыр. Атырауда қауіпті учаске саналатын қала маңындағы Талғайран, Ақжар және Еркінқала ауылдарында қорғаныс бөгеттерін салу жұмыстары жалғасып жатыр. Алмалы ауылында «Сарыөзек» каналының бойындағы 5,6 шақырым бөгеттер нығайтылып, Жайық өзенінің бойында ұзындығы 2,5 шақырым жаңа жағалау бекіткіштері салынуда.

Бұдан басқа, Жайық өзені, Соколок каналы мен Каспий теңізі арасындағы негізгі байу саналатын Гоголь каналын тазарту және кеңейту жұмыстары жалғасуда. Жалпы ұзындығы – 30 шақырым, ені – 18 метр және тереңдігі 2 метр каналдың түбін тереңдету жұмыстары жүргізілуде, күні бү-

тardy дереу тоқтату қажет деп санайды. «Себебі жасалып жатқан жұмыстар құмға сіңген су сияқты сапасыз», – дейді олар.

– Жем өзенін тереңдетеміз деген желеумен, қазып алынған өлі топырақты өзен арнасының екі жағына төсеп жатыр. Ол жерде нығыздау жұмыстары жүріп жат-

райды. Біз бұл жұмыстарды мұқият қарауды және бақылауды талап етеміз, – дейді бастамашыл топ өкілдері. Жылыойлық шаруалардың айтуынша, өзен бойына төселген борпылдақ топырақ мал суаруға да кедергі болып жатыр.

«Біз биіктетіліп бөгет соғылған жерлерде суару орындарын қалдыруды сұрадық. Бірақ дәл қазіргі уақытта өзен бойынан мал суару мүмкін болмай отыр», – дейді фермерлер.

Жағдайға байланысты, Жылыой ауданы әкімдігіне хабарласып, мән-жайға түсінік беруді сұрадық.

атқарылып жатқан жұмыстарға күнделікті бақылау жүргізілуде.

Жем өзенінің тереңдету, бөгет салу жұмыстарымен қазіргі уақытта Атырау облысы Құрылыс басқармасы, мердігер мекеме «Сап-Ин-Вэст» ЖШС айналысуда. Жоба бойынша түп-тереңдету жұмыстарының жалпы ұзындығы 95 шақырымды құрайды», – делінген Жылыой ауданы әкімдігінің мәліметінде.

Бір қарағанда, жылыойлықтардың құм көшкінінен де қауіптенуі тегін емес. Себебі Жылыойдағы Майкөмген ауылының жағдайы құм



гінге дейін ұзындығы 9,5 шақырым учаскедегі жұмыстар аяқталды. Су тасқыны кезеңі басталғаннан бері Каспий теңізіне құятын жерде Жайық өзенінің сағасын тереңдету жұмыстары жүргізіліп жатыр. Жоспарланған жұмыстардың жалпы ұзындығы – 10 шақырым, оның 9,5 шақырымы аяқталды», – дейді Атырау облысы әкімдігінің ресми өкілі Руслан Жамағазиев.

Дегенмен жылыойлықтар тасқынға қарсы атқарылып жатқан жұмыстарға разы емес. Жақында бір топ жылыойлық жиналып, Президентке үндеу де тастады. Олар Жем өзенінің арнасын кеңейту жұмыстары сапасыз екенін айтады. Тұрғындардың уәжіне сенсек, Жылыой ауданындағы Ақкиізтоғай, Қарағай, Шоқпартоғай және Тұрғызба ауылдарының тұрғындары өзенді кеңейту бойынша жұмыс-

қан жоқ. Борпылдақ топырақты жел ұшырып әкетуде. Желмен көшіп жатқан топырақ жайылымдарды бұзып, онсыз да онып тұрмаған экологиялық ахуалды нашарлатуда. Салдарынан Шоқпартоғай, Тұрғызба ауылдарын топырақ басып қалуда. Жем өзені тасыған уақытта тасқын су бес көпірден өтеді. Жабатай, Қонырбай, Уықбай, Шоқпартоғай көпірі, Сарқырауық өзенінің көпірі бойынан өзеннің саласы шығады. Су тасыған кезде тасқын арналарды бітеп тастайды. Ескі көпірлердің жағдайы да сын көтермейді. Жемнің жағасына қазып алынған өлі топырақ төселмеуі керек.

Егер көктемде алапат тасқыны қайталанатын болса, борпылдақ топырақ Құлсарыны қорғай алмайды. Құлсары тұрғындары қайтадан суға кету қаупіне ұшы-



Жылыой ауданы әкімдігінің мәліметінше, жергілікті атқарушы органдар тарапынан Жем өзенінің түбін тереңдету, бөгет салу мәселелері бойынша су саласының арнайы институты «Казгипроводхоз» мекемесімен бірлесіп шілде, қараша, желтоқсан айларында шаруа қожалықтарымен бірнеше мәрте кездесулер ұйымдастырылған. Алайда тараптар ортақ шешімге келе алмаған.

«Су тасқынының алдын алу мақсатында Жем өзені арнасының өзен ағынын реттеу бойынша алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Жылыой ауданы әкімдігі тарапынан,

көшкінінің де онай жау емес екенінің айқын дәлелі болып отыр. Қалай десек те, көшпелі құм мәселесі Атырауда әлі де болса өткір тұр. Жалпы, Атырау облысы бойынша құм басу қаупі жоғары 6 ауыл бар. Және соңғы он жылда сола ауылдарда құм көшкіні белең алып бара жатырғаны да шындық. Сондықтан тасқыннан қорғану шаралары өгіз де өлмейтін, арба да сынбайтын жағдайда ұйымдастырылуы керек-ақ. Жылыой билігі мен халықтың екіжақты кездесулерде бір шешімге келе алмай жүргеніне бірнеше ай өтті. Ал көктемнің келуіне ай жарымға жетер-жетпес уақыт қалды...

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алуың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабы негізінде Университетке қарасты факультеттердің оқу-өндірістік және қызметтік қажеттіліктеріне байланысты қосымшаға сәйкес тауарларды сатып алу.

Сатып алуың нысаны болып табылатын орындалатын жұмыстардың мерзімі: тараптар келісім шартқа қол қойған күннен бастап күнтізбелік 25 күн ішінде.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Әлеуетті өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы тәжірибесін растайтын құжаттары (келісімшарт, жүкқұжат, электрондық шот-фактура);
3. Әлеуетті өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Әлеуетті өнім берушінің тауарлардың сапа сәйкестігін тексеру мақсатында олардың қажетті үлгілерін, каталогтарын немесе суреттерін өткізуге тиіс.
5. Әлеуетті өнім беруші ҚҚС төлеуші болса, ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Әлеуетті өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы;
7. Өтімділігі камтамасыз ету мақсатында әлеуетті өнім беруші ұсынған жалпы сомасының кем дегенде 5% мөлшеріндегі қаражатын төмендегі реквизиттерге енгізуі шарт; Тапсырыс беруші: «Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті» мекемесі, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 29В, БСН 990440008043, БСК HSBKCKZX, ЖСК KZ436010291000010707, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ.

Сатып алынатын тауарлардың тізімін (қосымша) <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 28.01.2025 (12:00), №201 кабинет.

Сатып алуға өтімділігі өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, парақшалар бауланып, нөмірленген түрде мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Сатып алу ұйымдастырушы: Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. (Университет) Телефон: +7(7253) 36-36-36, +7(7253) 36-36-62.

Сатып алуың әдісі: Университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 20-бабының ашық конкурс негізінде Университетімізге қарасты «Студенттер асханасы» орталығының 2025 жылға қажетті азық-түлік өнімдерін сатып алу.

Сатып алуың нысаны болып табылатын тауарлардың жеткізілу мерзімі: тараптар келісім шартқа қол қойған күннен бастап, тапсырыс берушінің өтінімі негізінде (күндік, апталық, айлық) қажетті азық-түлік өнімдерін жеткізуге міндеттенеді.

Сатып алуға қатысу шарттары: Сатып алуға қатысуға университеттің «Сатып алу және сату» Регламентінің 10-бабына сай баға ұсыныстарымен бірге төмендегі құжаттарды ұсынуларыңызды сұранамыз:

1. Өнім берушінің қаржылық жағдайы туралы банктен алған анықтамасы;
2. Сатып алу нысаны болып табылатын тауарларды жеткізу саласындағы соңғы 3 жылдық тәжірибесін растайтын құжаттары (келісім шарт, электрондық шот фактура, жүк құжат)
3. Өнім берушінің заң талаптарына сәйкес тиісті құзіретті органдарға тіркелуі туралы анықтама;
4. Өнім берушінің сапа сәйкестігін тексеру мақсатында жеткізілетін азық-түлік өнімдерінің сертификаттары мен сапа сәйкестігі және т.б., құжаттырын өткізуге тиіс.
5. Өнім берушінің ҚҚС төлеуші болса сатып алынатын тауарлар бойынша ұсынған баға ұсынысының ішінде ҚҚС қарастыру керек.
6. Өнім берушінің уәкілетті органнан берешегі жоқ туралы анықтамасы.
7. Өнім беруші баға ұсынысында, ресми түрде базар орталығы әкімшілерінің азық-түліктерге ұсынған бағаларынан, пайыз түрінде шартты жеңілдік ұсынуы қажет.

Сатып алынатын тиісті азық-түлік өнімдерінің тізімі мен келісім шарт үлгісін <http://ayu.edu.kz/> сайтының хабарландыру парақшасынан немесе Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинеттен алуға болады.

Комиссия отырысы болатын күні және уақыты: 28.01.2025 (12:00), №201-кабинет.

Сатып алуға өтімділігі өткізу орны және уақыты:

Сатып алуға қатысуға баға ұсыныстары арнайы конвертке салынып, мөр басылып, хабарландыру жарияланған уақыттан бастап 20 күнтізбелік күн ішінде Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы №29В мекенжайда орналасқан Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ректорат ғимараты, №203-кабинетте қабылданады.

11 ҚАҢТАР 2025 | СЕНБІ

Дүниежүзілік кітап оқу индексінің (World Book Reading Index) дерегіне сәйкес, Қазақстан – кітап оқудан әлемде 100-ге жуық елдің ішінде 42-орында. Бұл көрсеткіш әлі де кітап оқу мәдениетін қалыптастырып, кітапқұмарлар қатарын көбейту керегін көрсетеді. Дегенмен қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыратын, қазақ әдебиетін насихаттайтын шаралар жүзеге асырылуда. Соның бірі – «Бір ел – бір кітап» акциясы.

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП» ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ



Ұлттық академиялық кітапханада аталған республикалық акцияның қорытындысы мен 2025 жылы акция аясында оқитын кітапты таңдау отырысы өткен еді. Бір топ зиялы қауым өкілдері қатысқан алқалы жиынға ZOOM платформасы арқылы облыстық кітапхана басшылары да қосылды. Жиын барысында Жеңістің 80 жылдығына орай майдан тақырыбына қалам тербеген авторлардың шығармалары, биыл мерейтойлары аталып өтетін қазақ қаламгерлерінің туындылары және барлық жастағы оқырманның сұранысын қанағаттандыратын кітаптар мен авторлары ұсынылды.

Ұлттық академиялық кітапхана директоры Ғазиза Құдайбергін мерейтойы тойланатын тұлғалардың шығармасын оқумен шектелмей, түрлі методологиялық орталықтар зерттеу жүргізіп, сайттар ашылса, тағы сол сияқты қажетті дүниелер жарық көрсе деген ұсынысын айтты.

– «Балалар кітапханасы» арқылы былтыр конкурс болды. Алматы облысынан балалар қатысып, жеңімпаздар анықталған. Ресейдің «Полка» деген жобасы бар. Былтыр біз де Мұрат Әуезовті қойып едік, биыл сондай жоба сәл кешеуілдеп жатыр. Сол сияқты «Бір ел – бір кітап» жобасы қоғамда танылса және насихатталса екен. Кітап таңдауға келгенде ел болып, отбасы болып оқитын кітап таңдағанымыз дұрыс деп ойлаймын, – дейді Ғ.Құдайбергін.

Жазушы Асқар Алтай былтыр Бердібек Соқпақбаевтың мерейтойына орай 10 000-нан астам шара болғанын негізге ала отырып, келесі авторлардың



Халықаралық конференция. Бізде екі адамның кейіпкерлеріне ескерткіш қойылған. Олар – Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Бердібек ағамыздың шығармасындағы кейіпкерлер. Мектеп кітапханалары және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері бұл акцияны жиі өткізеді. Сондықтан қала емес, ауыл кітапханаларын жарылқап, көбірек кітаптар жеткізіміз керек», – деді ол.

Шараның соңына қарай 2025 жылы акция аясында оқитын кітапты таңдау туралы ойлар ортаға салынды.

– Бердібек Соқпақбаев туралы көп дүние айтылды. Былтыр «Айқын» газетінде көп насихатталды. «Менің атым – Қожаны» түсіруге Тахауи Ахтанов себепкер болғандығы туралы тың деректер берілді. Сол сияқты мектеп кітапханаларында көп оқылуы қажет. Өйткені мектеп қабырғасында оқушы санасына жетуі керек. Соғыс туралы оқылуы керек еді, мысалы Ә.Нұршайықов, Т.Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» сияқты шығармаларды жоба соңында таңдап, ұсынсақ, – деді журналист Гүлзина Бектасова.

Сондай-ақ жиынға қатысушылардың әрқайсысы ұсыныстарын айтып, ортаға салды. Нақтырақ айтсақ, Ғ.Құдайбергінқызы прозаға – М.Байғұт, Т.Әлімқұлов, Т.Нұрмағамбетов, поэзияға – Молдағалиев, Ж.Нәжімеденов туындыларын, Б.Қайырбекқызы М.Ғабдуллиннің «Менің майдандастарым», Б.Майлиннің



Бізде екі адамның кейіпкерлеріне ескерткіш қойылған. Олар – Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Бердібек ағамыздың шығармасындағы кейіпкерлер. Мектеп кітапханалары және қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері бұл акцияны жиі өткізеді.

кітаптың аудио нұсқалары оқырманның уақыты мен қаражатының үнемделуіне сеп болады. Осы тұста Ғазиза Құдайбергін бірқатар авторлардың шығармасын осындай жобамен жасағандарын және оның оңай емес екенін айтты. Мысалы, Қуат Ахметжанмен бірлесіп жасалған 23 шығарма 1 жыл бойы дайындалған екен.

Ақын Дәулеткерей Кәпұлы ауыл кітапханаларына көбірек кітап жеткізу керегін айтты.


«Осы жобаның он шақты жылдан бері басы-қасында жүрміз. Былтыр екі халықаралық шараға қатыстым. Бакуде Б.Соқпақбаевтың әзербайжан тіліне аударылған шығармасының тұсаукесері өтті. Екіншісі – Шымкентте өткен

«Шұғаның белгісі», С.Мұқановтың «Ботагөзін», Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдары», Қанат Алтынбек әр акцияға М.Әуезовтің сұраныстағы кітаптарын қосуды, Амангелді Кеңшілікұлы Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Бөрібайдың тымағын ит алып қашқан қыс» шығармасын, Асқар Алтай Қасым Қайсеновтің туындыларын, Анар Хамитова орыс тілінде болса да Александр Бектің «Волоколосское шоссе» шығармаларын оқуды ұсынды. Комиссия мүшелері қорыта келе, прозадан Т.Әлімқұловтың, поэзиядан Ж.Нәжімеденовтің шығармаларын оқуды таңдады.

Әсемай РИНАТҚЫЗЫ

ЖАЗУШЫ МҰРАСЫ – МӘҢГІЛІК

Қазақты тарихым-ен қауыштырған қаламгер Ілияс Есенберлиннің туғанына 110 жыл толды. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Екінші дүниежүзілік соғыста жаумен, одан кейін қазақ тарихын тұмшалаған даумен арпалысты.



Ол қазақтың алғашқы ханынан бастап, соңғы ханына дейінгі тарихты қағаз бетіне түсірді. Алматыдағы Ұлттық кітапхана мерейтойға орай көрме ұйымдастырып, оқырмандарды жазушының мұрасымен таныстырды.

Ілияс Есенберлин мұрасы – қазақ әдебиеті мен тарихы үшін алтыннан қымбат қазына. Жазушының қаламынан шыққан шоқтығы биік «Көшпенділер» мен «Алтын Орда» тарихи трилогиялары оқырманға етене таныс. Оның «Қауіпті өткел», «Ғашықтар» романдарын да оқырман сүйіп оқиды. Ұлттық кітапхана қаламгердің шығармаларын үнемі дәріптеп отырады.

«Ұлттық әдебиеттің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Ілияс Есенберлиннің шығармалары жастарға рухани азық екенін анық. Сондықтан қаламгердің өмірі мен шығармалары үнемі айтылып тұру керек», – дейді зерттеушілер.



ПАВЛОДАРДАҒЫ КІТАП КӨРМЕСІ

Тіпті сирек кездесетін кейбір оқулықтарды көршілес Ресейдің Омбы қаласынан арнайы алдырған. Халықаралық стандарттарға сәйкес ұзындығы мен ені – 3 дюйм, яғни 76 миллиметрден аспайтын кітаптар миниатюралық басылым болып саналады. Олар шағын тиражбен шығарылады.

Мәселен, Павлодар қаласындағы Сұлтанмахмұт Торайғыров атындағы орталық кітапханада алақанға сыйып кетер 150-ге тарта кітап бар. Олардың көбі 19 ғасырда жарық көрген. Ал ең бергісі – жергілікті қаламгер Виктор Семерьяновтың «Мәшһүр шыны» поэмасы. Ерекше коллекция енді жаңа туындымен толықты. Омбылық әріптестері орталық кітапханаға Пушкин туралы кішкентай әдебиеттер каталогын сыйға тартты. Сирек кітаптар қорындағы жинақтар оқырман қолына берілмейді. Тек кітапханада ғана оқуға болады.

– Мұнда көркем әдебиет және салалық кітаптар да бар. Оның ішінде қазақ жазушылары және орыс жазушыларының кітаптары. Ең кішкентай кітап Омар Хаямның 50x70 мм өлшемінде, – деді С.Торайғыров атындағы орталық кітапхананың кітап қоры басшысы Бакытжан Бұқашева.



AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Сағхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4543

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеп көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,